



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ТОҚТАТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қарағанды облысындағы «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамына қарасты Костенко атындағы шахтада болған қайғылы оқиға орнына жедел жетті.

Мемлекет басшысы өрт салдарынан қаза тапқан кеншілердің отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтты.

— Мен Мемлекет басшысы ретінде баршанызға көңіл айтамын. Бұл — қасірет. Бәрін түсінемін. Апат болды. Апаттың кесірінен көптеген адам қаза тапты. Сондықтан бұл жерге арнайы келдім. Тиісті шаралар қабылдаймыз, соның ішінде зардап шеккендердің отбасыларына көмек көрсетеміз. Қаза тапқандар мен зардап шеккендердің отбасылары ешқандай мұқтаждық көрмеуі үшін Үкімет, әкімдік және қайырымдылық ұйымдарының алдында жан-жақты көмек көрсету міндеті тұр, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысының айтуынша, жер астында қалған кеншілерді құтқару, зардап шеккен және қаза болған азаматтардың отбасыларына жан-жақты көмек көрсету — кезек күттірмейтін міндет.

— Ең алдымен, құтқару жұмыстары жүргізіледі. Екіншіден, зардап шеккендер мен медициналық көмекке мұқтаж азаматтардың нақты санын анықтауымыз керек. Үшіншіден, осы апаттан зардап шеккендердің барлығының отбасына материалдық көмек көрсетеміз. Егер қажет болса, арнайы қор ашамыз. Мұнымен өзім айналысамын. Қазір

кеншілердің зейнетке шығу жасына қатысты мәселе де қарастырылып жатыр, — деді Президент.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев осыдан соң Қарағанды облысындағы «АрселорМиттал Теміртау» акционерлік қоғамына қарасты Костенко атындағы шахтада болған апат салдарына жою жөніндегі жедел штаб отырысын өткізді.

Ең алдымен, құтқару жұмыстарының барысы және қазіргі ахуал туралы Төтенше жағдайлар министрі Сырым Шәріпханов баяндады.

— Апат кезінде шахтада 252 адам болған. 206 қызметкер өз бетінше көтерілді. Қазір апаттық-құтқару жұмыстарына 10 бөлімше, 55 тау-кен құтқарушы және 12 техника жұмылдырылды. Жұмыстар екі өндіру учаскесі аумағында жүргізілуде. Жана өрт ошақтары байқалмайды. Жұмыс тәулік бойы жалғасады, — деді Сырым Шәріпханов.

Мемлекет басшысы Төтенше жағдайлар министрінің баяндамасын тыңдап болғаннан кейін іздестіру-құтқару жұмыстарын барлық қажетті күшті тарта отырып, күшейтілген режимде жалғастыруды тапсырды.

— Жана ғана азаматтар әр 10-15 минут сайын ақпарат беріп тұру мәселесін көтерді. Мүмкіндігінше қамтамасыз ету керек. Халықпен қарым-қатынас жасайтын бір өкіл болсын. Жұртшылықты ақпаратсыз қалдыруға болмайды. Бұл — өте шетін әрі мүлдем жол беруге болмайтын мәселе. Біз күн-түн демей, сонына дейін күресуіміз керек, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Жалғасы 2-бетте)

ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР — ЕРЕКШЕ НАЗАРДА



Кеше Мәжілісте өткен «AMANAT» партиясы фракциясының кеңейтілген жиыны қорытындысына депутаттар «2024-2026 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2024-2026 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заң жобаларын мақұлдады. Аталған заң жобаларында Президенттің Жолдауын және сайлауалды бағдарламасын, сондай-ақ «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру ескерілді.

(Жалғасы 3-бетте)

«ЖАЗДЫМ «ҚАЗАҚ АЙНАСЫН», ЕЛ КӨРСІН ДЕП ПАЙДАСЫН»



5
БЕТ

ХАН ОРДАСЫНДА ВИЗИТ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ



7
БЕТ

ХОЛДИНГ ЖҰМЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ МІНДЕТІН ЖҮКТЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Байбазаровты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа холдингтің биылғы 9 айдағы қызметінің нәтижелері, соның ішінде кәсіпкерлік пен агроөнеркәсіп кешенін қолдау, халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде баяндалды.

Президентке ұсынылған деректерге сәйкес, инвестициялық жобаларды қаржыландыру көлемі 511 млрд теңгені құраған. Сонымен қатар шағын және орта бизнестің 18,1 мың жобасына қолдау көрсетіліп, шамамен 1 трлн теңге көлемінде кредит берілген. Агроөнеркәсіп кешенін қолдауға 447 млрд теңге қаржы бөлінген. Жыл басынан бері 811,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, 47 мыңға жуық отбасы баспаналы болған.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысына холдингті трансформациялау және цифрландыру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді. «Бәйтерек» алдағы екі жылда экономиканың шикізаттық емес секторын қолдау ауқымын екі есе арттырмақ. Инвестиция тарту және коммерциялық

банктерді өңдеу өнеркәсібі жобаларын кредиттеуге жұмылдыру жұмыстары жандана түседі.

Ішкі нарықты қамтамасыз ету және агроөнеркәсіп кешенінің экспорттық әлеуетін арттыру мақсатында тамақ өнеркәсібі жобаларын қаржыландыру бағдарламалары іске қосылады, сондай-ақ толыққанды экспорт-кредит агенттігі құрылады.

Мемлекет басшысының монокалалар, аудан орталықтары мен ауыл тұрғындарын баспанамен қамту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында холдингтің тұрғын үй бағытындағы қызметі трансформацияланады.

Нұрлан Байбазаров холдингке еншілес ұйымдардың барлық қызметін цифрлық форматқа көшіру жоспарланып отырғанын жеткізді.

Кездесу соңында Мемлекет басшысы экономикалық өсімді қолдау және азаматтардың тұрмыс деңгейін жақсарту үшін жана тәсілдер енгізу маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ «Бәйтерек» холдингінің жұмысын жетілдіруге қатысты бірқатар міндет жүктелді.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Қарағанды облысындағы шахтада болған апатқа байланысты телефон қоңыраулары мен көңіл айту жеделхаттары түсіп жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған қоңырау шалып, Қарағанды облысындағы көмір шахтасында болған апат салдарынан көптеген адамның қаза табуына байланысты Мемлекет басшысына және барша қазақ халқына қайғырып көңіл айтты. Әңгімелесу барысында екі ел басшылары 3 қараша күні Астана қаласында өтетін Түркі мемлекеттері ұйымы X саммитінің күн тәртібін талқылады. Қасым-Жомарт Тоқаев Режеп Тайип Ердоғанды және барша түрік халқын Түркия Республикасының 100 жылдық мерейтойымен құттықтады.

Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон да Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевпен телефон арқылы сөйлесіп, Қарағандыдағы кен орнында болған қайғылы оқиғаға байланысты көңіл айтты.

Сондай-ақ көңіл айту жеделхаттарын Иран Ислам Республикасының Президенті Ибрахим Раиси, БАӘ Президенті шейх Мұхаммед бен Заид Әл Нахаян, БАӘ Вице-президенті, Премьер-министрі, Дубай әмірлігінің билеушісі Мұхаммед бен Рашид Әл Мактум, БАӘ Вице-президенті, Президент Әкімшілігінің басшысы Мансур бен Заид Әл Нахаян, ШЫҰ Бас хатшысы Чжан Мин, АӨСШК Бас хатшысы Қайрат Сарыбай, Түркі мемлекеттері ұйымының Бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев, БҰҰ миграция жөніндегі халықаралық ұйымының бас директоры Эми Поуп және басқалар жолдады.

ОЛАР — НАҒЫЗ ЖЕҢІМПАЗ

Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен IV Пара Азия ойындарында Қазақстан ұлттық құрамасы 41 медальмен командалық есепте 11-орынға тұрақтады. Биыл төртінші рет ұйымдастырылып, 22 қазаннан 28 қазанға дейін жалғасқан байрақты бәсекеде 43 мемлекеттен 4 000-ға жуық спортшы 22 спорт түрінен бақ сынады.



Туризм және спорт министрлігі баспасөз қызметі хабарлағандай, жарысқа елімізден 131 спортшы барды. Олар дзюдо, жүзу, жеңіл атлетика, пауэрлифтинг, үстел теннисі, отырып ойнау волейболы, садақ ату, тэквондо, оқ ату, шахмат, бочча, кану, велоспорт және академиялық есу секілді 14 спорт түрінен бәйгеге түсті. Ел намысын қолдан бермеген спортшыларымыз 8 алтын, 12 күміс және 21 қола

медаль олжалап, 3 Азия және 4 Азия пара ойындарының рекордын орнатты.

Атап айтар болсақ, Пара Азия ойындары алғаш рет 2010 жылы Қытайдың Гуанчжоу қаласында байрағын көтерді. Азия ойындарынан кейін ұйымдастырылатын параазиядағы Қазақстан ұлттық құрамасы сол жылдан бері тұрақты түрде қатысып келеді. 2018 жылы Индонезияның Джакарта қаласында өткен III Пара Азия

ойындарында спортшыларымыз параазида тарихында тұңғыш рет 33 медаль, 5 алтын, 15 күміс, 13 қола медаль жеңіп алды. Осы көрсеткіштің нәтижесінде Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте 13 орынды иеленген-ді. Қазірге дейін Қазақстан құрамасы 2014, 2018 жылдары тек пара жүзу спортында ғана алтын алған болатын.

8 ►►



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ТОҚТАТУДЫ ТАПСЫРДЫ

(Басы 1-бетте)

Бұдан соң Денсаулық сақтау министрі Ажар Финият зардап шеккен азаматтарға көрсетіліп жатқан медициналық көмек туралы мәлімет берді.

— Медициналық көмек жедел әрі толық көрсетіліп жатыр. Әртүрлі деңгейде газдан уланғандар токсикология бөлімшесінде ем алуға. Медициналық көмек көрсетуге барлық дәрігер жұмылдырылды, — деді Ажар Финият.

Сонымен қатар Енбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова қаза тапқан кеншілердің отбасыларына қандай әлеуметтік көмек көрсетілетінін айтты.

— Қаза тапқан азаматтардың отбасыларына асыраушысынан айырылуына байланысты жәрдемақы тағайындалады. Ол республикалық бюджеттен, әлеуметтік сақтандыру қорынан және өмірді сақтандыру компаниясынан төленеді. Жәрдемақы көлемінің жалпы



орташа мөлшері асырауындағы адамдар 18 жасқа толғанға дейін ай сайын 400-500 мың тенгеден басталады. Егер балалар жоғары оқу орындарында білім алып жатқан болса, онда 23 жасқа дейін төле-

неді. Өзірге барлық төлемді өтеу «АрселорМиттал Теміртау» компаниясына жүктеледі. Кәсіпорын ұжымдық шартқа сәйкес жылдық төлем тәуекелдерін төлеуге міндетті. «АрселорМиттал Теміртау»

компаниясы жерлеу рәсімдеріне байланысты барлық шығынды, сондай-ақ балаларды жоғары оқу орындарында оқытуды өз мойнына алуға тиіс, — деді Светлана Жақыпова.

Премьер-Министр Әлихан Смайылов Үкімет «АрселорМиттал Теміртау» компаниясының акционерлерімен алдын ала уағдаластыққа қол жеткізгенін және кәсіпорынға тиесілі меншік құқығын Қазақстан Республикасының пайдасына беру жөніндегі мәмілені ресімдеу процесі аяқталуға жақын екенін баяндады.

Үкіметтік комиссия мүшелерінің баяндамаларын тыңдаған Президент апатты жою және кеншілерді құтқару үшін барлық шараны қабылдауды, сондай-ақ қаза тапқан және зардап шеккен азаматтардың отбасыларына жан-жақты көмек көрсету жөнінде тапсырма берді.

— Сіздердің міндеттеріңіз — адамдармен тікелей жұмыс істеу, кездесу, сондай-ақ жедел топты қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету. Біз қазір қалыптасқан жағдайды түсіндіру, ең бастысы, шешім қабылдау үшін жұмыла жұмыс істеуіміз керек. Жергілікті әкімдік тиісті шешім қабылдауы

қажет. Кәсіпорынның сұраныстарына сүйене отырып, қажетті нәрсенің бәрін анықтаңыздар. Үкіметтік комиссия барлық мәселені пысықтауға тиіс. Мен не істеу керек екенін айттым. Әркім өзіне қатысты жұмысты біледі. Министрлер, басшылар өздерінің жұмыс тәсілдерін білуі керек. Президент әр оқиға сайын келіп, тапсырма береді деп күтіп отыруға болмайды. Вадим Борисович Басинге кәсіпорынды басқаруды өз қолына алуды тапсырамын. Үкімет пен әкімдікке жан-жақты тиісті көмек көрсетуді, Төтенше жағдайлар министрлігіне мүдделі құрылымдармен бірлесіп апат салдарын жою және кеншілерді құтқару үшін барлық шараны қабылдауды тапсырамын. Ішкі істер министрлігі зардап шеккен адамдардың отбасыларымен жұмыс істеуі керек. Үкіметтік комиссияға азаматтардың қаза болуына әкеп соқтырған өрттің мән-жайын тергеуді, барлық кінәлілерді жауапқа тартуды тапсырамын, — деді Мемлекет басшысы.

ҚАЗА ТАПҚАН КЕНШІЛЕРДІ БІР МИНУТ ҮНСІЗДІКПЕН ЕСКЕ АЛДЫ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата бюросының отырысы өтті. Онда депутаттар 2 қараша күні өтетін Сенат отырысының күн тәртібін бекітті.

Бюро отырысы бір минут үнсіздікпен басталып, сенаторлар мен аппарат қызметкерлері Қарағанды облысында болған төтенше жағдай салдарынан қаза тапқан кеншілерді еске алды.

Мәулен Әшімбаев қаза тапқандардың отбасылары мен жақындарына көңіл айтты. Сондай-ақ Сенат Төрағасы Мемлекет басшысы апаттың мән-жайын анықтап, тиісті шешім қабылдау үшін оқиға орнына арнайы барғанын атап өтті. Ел Президенті кеншілердің отбасыларымен және жақындарымен кездесіп, оларға қолдау көрсетіп, апаттың себебін анықтау үшін тиісті органдарға нақты тапсырмалар берді.

Алдағы палата отырысында сенаторлар «Астана-да (Қазақстан Республикасы) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Еуропалық өнерлік комитетінің жетпіс үшінші сессиясын ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы келісімді ратификациялау туралы» заңды қарайды.

Бұл заң Қазақстан мен Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы арасындағы халықаралық ынтымақтастықты одан әрі дамытуды көздейді. Заңды ратификациялау ұйымға мүше мемлекеттер арасында Қазақстанның беделін нығайтуға және біздің елге деген сенімді арттыруға ықпал етпек.

Сондай-ақ Сенат Төрағасы алдағы палата отырысында Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы аясында қолға алынатын ұлттық жобаларды іске асыруға және еліміздің үш жылдық бюджетіне қатысты мәселелер талқыланатынын атап өтті.

БАУЫРЛАС ЕЛДЕР БАЙЛАНЫСЫ БЕКИ ТҮСЕДІ



Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қожанов Түркия Республикасының 100 жылдығына арналған қабылдауда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 100 жылдық мерейтоймен құттықтауын оқып берді.

«Бауырлас түрік халқын еліңіздің тарихындағы айтулы оқиға — Түркия Республикасының 100 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын. Тереңге жайылған асыл тарихыңан, бай мәдени мұрасыңан, халқының қайсарлығы мен даналығынан бастау алатын бүгінгі Анадолы қарқынды дамуға қол жеткізіп, жаһандық деңгейдегі көшбасшы әрі қуатты елдердің қатарына енгенін ерекше қуанышпен атап өтемін. Сіздің салықалы да көреген саясатыңыз, қажырлы күш-жігеріңіз бен игі бастамаларыңыз еліңізді жаңа алтын ғасырға қадам бастап, биік мақсат-мұраттарға жетелей берудің шынайы тілектеспін», — делінген Президент құттықтауын да.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Түркияның берік достық пен өзара қолдауға негізделген қарым-қатынастары ағайын халықтарымыздың игілігі үшін кеңейтілген стратегиялық әріптестік рухында ғасырдан-ғасырға жалғаса беретініне кәміл сенетінін айтқан.

Ерлан Қожанов Қарағанды облысындағы шахтадағы қайғылы оқиғаға байланысты Қазақстан халқына қолдау білдіріп жатқан Түркия басшылығына және дипломатиялық корпус өкілдеріне алғысын жеткізді.

Палата Төрағасы елдеріміздің Парламент деңгейіндегі және ТүркПА сияқты халықаралық аландар аясындағы ынтымақтастығына тоқталды.

Сонымен қатар Мәжіліс Спикері Түркияның 100 жылдық мерейтойына орай Астанада Анадолы көшесі, Шымкентте Түркия даңғылы мен саябағы, Алматыда Мұстафа Атаатүрікке арналған ескерткіш ашығалы жатқанын айтты. Ал 26 қазанда елордадағы «Атаатүрік» саябағында Юнус Әмреге арналған еңселі ескерткіш ашылды.



ПАРАЛИМПИАДАЛЫҚ КОМАНДАМЕН КЕЗДЕСТІ

Парламент Сенатының Төрағасы – Қазақстан бочча федерациясының президенті Мәулен Әшімбаев Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен IV Азия пара ойындарына қатысқан еліміздің паралимпиадалық командасымен кездесті. Сайыс қорытындысы бойынша боччадан Қазақстан құрамасы жолдамандылық есепте сегізінші орынға табан тіреген болатын.

Мәулен Әшімбаев қазақстандық боччашылардың алғаш рет Азия пара ойындарына қатысқанын назарға алып, осындай деңгейдегі ірі долада бақ сынаудың өзі айтарлықтай жетістік екенін тілге тиек етті. Қазақстан құрамасы Иран, Корея, Гонконг, Таиланд, Жапония және тағы басқа елдердің атлеттерімен сынға түсті.

«Жарыс жолында сіздер табандылық пен төзімділік таныта білдіңіздер. Азия пара ойындарына қатысу арқылы мол тәжірибе жинап, отандық бочча тарихындағы жаңа кезеңге жол аштыңыздар. Жеңіс дегеніміз — қиындықтар мен кедергілерді еңсеріп, өз максаттарына қол жеткізуді. Қытайдағы сайыста қарсыластардың тәжірибелі құрамалар болғаны белгілі. Сондықтан жалпыкомандалық есепте сегізінші орын алуың өз айтарлықтай нәтиже. Біз осы сайыста өзіміздің әлі де болса

жетілдіретін тұстарымызды анықтап алдық. Алдағы уақытта сол бағыттар бойынша жұмыс істейміз», — деді Мәулен Әшімбаев спортшыларға, жаттықтырушыларға және үнемі қолдау көрсетіп келе жатқан ата-аналарға алғыс білдірді.

Палата Төрағасы атап өткендей, Азия пара ойындары елімізде паралимпиадалық спорт түрлерін дамытуға тың серпін берді. Аталған жарыста Қазақстанның параспортшылары 41 жүлде, яғни 8 — алтын, 12 күміс және 21 қола медаль олжалап, жалпы есепте 11-орыннан көрінді.

Мәулен Әшімбаев қол жеткізген жетістікпен тоқтап қалмай, келесі сайыстарда бұдан да жоғары нәтиже көрсету үшін жаттығу жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыра берудің маңызы зор екенін айтты. Сондай-ақ ол дәл осындай табандылық пен тәртіп үлкен

жеңістердің кепілі екеніне назар аударды.

«Федерацияның жоспарына сәйкес желтоқсан айында боччадан ел кубогы сарапқа салынады. Келесі жылы тағы алты сайыс өткізу көзделіп отыр. Сондықтан қарқынды бағалауға еш негіз жоқ. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде спорт саласын дамыту үшін түбегейлі өзгерістер қажет екенін айтты. Бұл ретте негізгі бағыттардың бірі басқару сапасын жақсарту, сондай-ақ Туризм және спорт министрлігі, Ұлттық олимпиадалық комитет және спорт федерациялары арасындағы жұмыс үйлесімділігін арттыру екені сөзсіз. Осыған байланысты Қазақстан бочча федерациясы да жаттықтырушылар құрамымен жұмысты жетілдіреді және ол нәтижелерге қол жеткізу жолында басқа да шараларды қабылдайды», — деді Сенат Спикері.



МӘЖІЛІС ЭСТОНИЯМЕН АДАМДАРДЫҢ РЕАДИССИЯСЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қожановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Депутаттардың талқылауына Эстониямен адамдардың реадиссиясы туралы үкіметаралық келісімді ратификациялау туралы заң жобасын қарау ұсынылады.

Бұл келісім екі ел арасындағы ынтымақтастық тетігін құруға, сондай-ақ зансыз көші-қонға қарсы күрестің тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Келісім Қазақстан мен Эстония аумақтарында

ұлттық заңнамаларды бұзған адамдарды қабылдау, беру және транзиттеу мәселелері бойынша тараптардың құзыретті органдары арасындағы қарым-қатынасты реттейді.

Сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын екінші оқылымда қарау ұсынылды.

Жалпы отырыста Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің үкіметтері арасындағы оңайлатылған кеден дәлізін құру туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасын жұмысқа алу көзделуде.

ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР – ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

(Басы 1-бетте)

Депутаттар жиында Костенко атындағы шахтада қаза тапқан кеншілері бір минут үнсіздікпен еске алумен бастады.

Отырысты ашқан Мәжілістігі «AMANAT» фракциясының жетекшісі Елнұр Бейсенбаев депутаттар мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерін, оның ішінде жалақы мен зейнетақыны индексстеу, жәрдемақыларды көбейту, медициналық көмекті қамтамасыз ету сияқты басқа да басымдықтарды орындауға ерекше назар аударғанын атап өтті.

Бұдан соң сөз алған Премьер-Министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев республикалық бюджеттің 2024 жылға арналған шығыстары 24 трлн теңге деңгейінде деп болжанып отырғанын жеткізді. Трансферттерді есепке алмағанда кірістер көлемі 16,1 трлн теңге болады деп жоспарланды.

«Бюджет жобасы Мемлекет басшысының Жолдауын және сайлауалды бағдарламасын, сондай-ақ «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі Жол картасын іске асыруды ескере отырып жасалды. Бұл жұмыс – Үкіметтің ерекше бақылауында. Мәжілісмендердің тікелей араласуымен 2,4 трлн теңгеге жуық қаражат маңыздылығына қарай қайта қарастырылды. Бұл өте тыңғылықты



әрі жүйелі жұмыс болды. Өңірлерді дамытуға 2024-2026 жылдарға 7 трлн теңге қарастырылған», — деді вице-премьер.

Ерұлан Жамаубаев бұдан басқа «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасын іске асыруға 2,4 трлн теңге қарастырылғанын, 2025 жылға дейін 655 денсаулық сақтау нысаны салу және 32 ауданаралық аурухананы жаңғырту жоспарланғанын айтты. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасына 1,7 трлн теңге бағыт-

талып, бұл ақша 369 мектептің құрылысына жұмсалды.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Мархабат Жайымбетов бюджет жобасын әзірлеу барысында халық қалаулылары мемлекеттік органдардан қосымша мәліметтер алу үшін 200-ден астам сауал жолдағанын жеткізді. Сондай-ақ депутаттар 300-ге жуық түзету енгізіп, бұл бюджеттің шығыс бөлігін 1,4 трлн теңгеге қысқартуға мүмкіндік берді.

«Бюджеттің шығыстарын бюджет тапшылығын ұлғайту және Ұлттық қордан берілетін трансферттер есебінен жабу үрдісі сақталуда. Келесі жылы Ұлттық қордан 3,6 трлн теңге, оның ішінде нысаналы трансферт – 1,6 трлн теңге тарту жоспарланды», — деді депутат.

Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Кошанов Ұлттық қор қаражатын ұтымды және тиімді пайдаланудың маңыздылығына назар аударды.

«Мемлекет басшысы Үкіметке Ұлттық қордан трансферттерді қысқартуды және бюджет тапшылығы мәселесін үнемі оның қаражаты есебінен шешпеуді бірнеше рет тапсырды. Кіріс бөлігін толықтыруға арналған резерв мәселесін экономиканың барлық секторындағы тиімсіз шығындарды оңтайландыру арқылы шешу керек. Келесі жылдан бастап «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы жұмыс істей бастайды. Енді Ұлттық қордан ақша бөлу туралы кез келген ақпаратқа төлем алуға үміткер балалардың ата-аналары қатты назар аударып. Бұл өте сезімтал мәселе және оған өте мұқият қарау керек», — деді ол.

«AMANAT» Төрағасы Қарағандыдағы қайғылы оқиға өнеркәсіп қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі проблемалардың тағы да бетін ашқанын бас айтты. Мәселені шешу үшін партияның сайлауалды бағдар-

ламасында қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін күшейтеу, зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істейтін барлық қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын міндетті сақтандыру, сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі стандарттарды жоғарылату көзделген. Енді Үкімет тиісті қаржы бөледі ескере отырып, осы шараларды іске жүзеге асыруға ерекше назар аударуы керек.

Сондай-ақ партия Төрағасы бюджет жобасын қарау кезінде азаматтарға берілген уәделердің сапалы орындалуына басымдық берілетінін атап өтті.

«Депутаттар заң жобасына 1,7 трлн теңгені құраған арнайы түзетулерге ұсыныстар берді. Биыл біз рекордты жанарттық деп айта аламыз. Бюджет қаражаты Мемлекет басшысының Жолдауында, Президенттің сайлауалды бағдарламасында және партияның сайлауалды бағдарламасында белгіленген шараларды уақытылы және сапалы орындауға арналған. Бұл – біздің Үкіметпен бірге халық алдындағы ортақ жауапкершілігіміз», — деп түйіндеді Ерлан Кошанов.

Фракция жиналысында Мәжіліс депутаттары Ерлан Саиров, Марат Бәшімов, Қайрат Балабаев, Юлия Кучинская, Вера Ким және басқалар сөз сөйледі. Халық қалаулылары Үкімет мүшелеріне бірқатар сұрақ қойып, толыққанды жауап алды.

АДАМ САУДАСЫНА ҚАРСЫ КҮРЕС ТОҚТАМАЙДЫ

«AMANAT» Орталық аппаратында партия жанындағы Қоғамдық саясат институты Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасы жанындағы Парламентаризм институтымен бірлесіп ұйымдастырған «Адам саудасына қарсы іс-қимылдың өзекті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Кездесудің модераторы Мәжіліс депутаты Павел Казанцев болды.

Қазақстанда жыл сайын адам саудасына байланысты 100-ге жуық қылмыстық іс тіркеледі. Зарпап шектендердің көпшілігі – әйелдер. Парламентаризм Институты директорының орынбасары Берік Бекжановтың айтуынша, бұл мәселе тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде өзекті.

«Адам саудасы адам құқығын бұзудың ең қатал түрі екенін

істеп жатқан заң жобасы азаматтарымыздың конституциялық құқығын тиімді қорғауға, мемлекеттік органдардың қызметін нақты реттеуге, сондай-ақ адам саудасының құрбандарына көмек көрсетуге, олардың құқығын қорғауға және қамтамасыз етуге бағытталған. «AMANAT» партиясы өте өзекті және кезек күттірмейтін мәселелерді шешу үшін ашық жұмыс істеуде», — деді халық қалаулысы.

Елде адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелерінің барлық спектрін кешенді және жүйелі түрде реттейтін заңнамалық актінің болмауы құқықтық олқылыққа жол беріп отыр. Сенат депутаты Айнұр Арғынбекова осылай дейді. Оның айтуынша, бүгінде Қазақстан – адам құқықтары саласындағы 60-тан астам көпжақты әмбебап шарттардың қатысушысы. Оның ішінде құлдықтың қазіргі заманғы түрлеріне қарсы іс-қимылмен

зиян келтіретін дүниелерге қатысты тексеру жүргізуге мәжбүрлеу керек. Оларды әділет органдарына қанауға және зиян келтіруге ықпал ететін платформаларды жабу құралдарын ұсынуға міндеттеу қажет», — деді ол.

Іс-шара модераторы – Парламент Мәжілісінің депутаты Павел Казанцев «AMANAT» партиясының депутаттары заң жобасын талқылауға белсенді атсалысып жатқанын атап өтті.

«Партия қылмыстың кез келген түріне мүлдем төзбеу қағидатын ұстанады. Саяси тұғырнамамызда жазылғандай, «Біз бірлесіп қоғамда жаңа құқықтық мәдениетті қалыптастырумыз керек». Заңнамалық нормалары адам құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық стандарттарға сәйкес келетін құқықтық мемлекет құруға күш салып жатырмыз», — деді ол.

Іс-шараға қазақстандық және халықаралық сарапшылар да

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ – ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНДА

Ел Үкіметі 2023–2029 жылдар аралығында 3,3 миллионнан астам азаматты жұмысқа орналастыруға тиіс. Оның ішінде жастардың үлесі кем дегенде 2,3 миллионға жетуі керек. Бұл – Мемлекет басшысы тікелей тапсырып отырған міндеттің бірі.

Ел жастарының қоғамдағы рөлін қалыптастыруда әлеуметтік сатының әділ қозғалуын бақылауды «AMANAT» партиясы өз мойнына алып отыр. Партия «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында 2027 жылға дейін бір жарым миллионнан астам жасты жұмыспен қамтуға басымдық берген.

Айта кетейік, жас санатына қатысты ұғым әлемнің әр мемлекетінде әртүрлі. Ол негізінен демографиялық ахуал, миграциялық үдерістерге байланысты есептеледі. БҰҰ дүниежүзінде 15 жас пен 24 жас аралығындағы жастардың саны 1,2 млрд адам деп есептеп, бұл жер бетіндегі халықтың 16%-ы деген дерек ұсынады.

Жалпы, көптеген мемлекет жас санатын орташа стандартпен 14 пен 24 жастың аралығы деп есептейді. Ал біздің елдегі есептің жөні бөлек. Қазақстан тұрғындарының үштен бірі жастар болғандықтан, ең жас мемлекеттердің қатарына кіреді. Біздің елде 2022 жылға дейін жастар санатына 14 жас пен 29 жас аралығы жатқызылып келді, ол есеп бойынша республикадағы жастардың саны 3 741 083 адам болған. 2023 жылдың 26 ақпанынан бастап қолданыстағы заңнамаға енгізілген өзгерістер мен түзетулерге байланысты аталған санат 29-дан 35-ке дейін деп узартылып, қайыра есебін шаққанда жастардың саны 6,05 млн адамға жетті. Бұл ҚР халқының 31%-ы деген сөз.

Аумақтар бойынша жастар ең көп шоғырланған қала – Алматы (722,9 мың адам немесе қала тұрғындарының 33,4%-ы), Түркістан облысы (682,1 мың) және Астана (468,4 мың адам немесе елордалықтардың 34,6%-ы). Одан кейінгі орындарда Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Ақтөбе облыстары мен Шымкент қаласы тұр. Соңғы жылдары елімізде туу көрсеткіші жоғары, жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Сол себепті алдағы он-он бес жылда жастардың үлесі еселеп артпақ. Ал бұл дегеніміз, жұмыс орнына, баспанаға тағы басқа да әлеуметтік қажеттілікті тудырмақ.

Үкімет 2023 жылдың басында барлық өңірлердің әкімдерімен жұмыспен қамтуының Жол картасын бекітті. Осының аясында биыл республика бойынша 947 мыңнан астам азаматқа жұмыс тауып беру негізгі міндет саналды. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған мәліметке сүйенсек, 2023 жылдың қантар-қыркүйегі аралығында 734 мың адам жұмысқа орналасыпты. Бұл жоғарыдағы жылдық көрсеткіштің 77%-ына тең. Оның 50%-ы – жас азаматтар. Жұмыспен қамтылған 35 жасқа дейінгі жастардың басым бөлігі Түркістан (15%), Жамбыл (9%), Ақтөбе (7%), Алматы, Қарағанды және Қызылорда облыстарының (6%) азаматтары.

«Қазір жұмысқа орналастырылған азаматтардың 76%-ы үшін зейнетақы аударымдары аударылуға, бұл олардың тұрақты түрде жұмыс істеп жатқандарын растайды», — делінген министрлік ақпаратында. Жана жұмыс орындарының басым көпшілігі «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері», «Кәсіпкерлікті дамыту», «Агро-өнеркәсіп кешенін дамыту» ұлттық жобалары арқылы ашылған.

Сондай-ақ Президент жастарды жұмыспен қамту ісінде олар-

елдер ие. Яғни, бұл жерде ел экономикасының қуаты және халық саны көрсеткіші де маңызды рөл атқарады.

«Бізше шетел асып, жұмыс іздеп кетіп жатқан жастардың да нақты есебі жоқ. Мәселен, ресми статистика бойынша Оңтүстік Кореяға 9 600 жас азамат жұмыс іздеп барды деп көрсетеді. Ал өзге ашық дерек көздерінде ол жақтағы жастарымыздың саны 20 000-нан асып отыр. Одан бөлек, АҚШ-та, Еуропада мыңдаған жас азамат жұмыс



дың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау үшін қайтарымсыз гранттар мен жылдық мөлшерлемесі 2,5%-дық жеңілдігімен микрокредиттер беруді қарастыру керек де айтқан. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің дерегіне, бүгінде жалпы сомасы 21,3 млрд теңгеге 4 734 микрокредит берілгені белгіленді. Биыл Көші-қон саясатының жаңа тұжырымдамасына сәйкес, азаматтарды еңбек күші тапшы өңірлерге көшіру тетігі тиілі қаларалан болатын. Осыған орай қазір солтүстік және шығыс өңірлерге қоныс аударудың жылдық жоспарының 87%-ы орындалды. Көшіп келген еңбекке қабілетті азаматтардың 73%-ы жұмыспен қамту шараларымен қамтылған.

Алайда азаматтарды жұмысқа орналастыру туралы ресми ақпараттың өзінде нақтылық жетіспейді. Парламент Мәжілісінің депутаты, «AMANAT» партиясы жанындағы республикалық Жастарды қолдау кенесінің төрағасы Нартай Аралбайұлының айтуынша, әсіресе жастар арасындағы жұмыссыздық жағдайы статистиканы бұрмалап көрсету жиі кездеседі. «Ұлттық статистика бюросы Қазақстан халқының небары 4,9%-ы жұмыссыз деген мәлімет берді. Анығында солай ма? Ресми деректерге қарамақ, елімізде NEET санатындағы жастар саны – 422 000. Сонымен қатар 400 000-нан астам жас өзіне-өзі жұмыспен қамтығандар есебінде жүрсе, жұмыссыз жастар саны 80 000 деп көрсетілген. Демек, бас-аяғы 900 мыңнан астам жас азамат тұрақты жұмыспен қамтылмай отыр деген сөз. Осылайша, жауапты органдар статистиканы үшке бөліп, жұмыссыз жастардың нақты санын жасырып көрсетпейді», — дейді депутат.

Жыл сайын өсіп, жетіліп қатарға қосылатын жас азаматқа жұмыс тауып беру мәселесі барлық мемлекетке ортақ. Әлем бойынша жастарын жұмыспен қамтуда жақсы көрсеткішше – Чехия, Германия, Исландия, Польша, Катар, Бахрейн, БАӘ, Сауд Арабиясы секілді

істеп жүр. Сыртқа кеткен азаматтарымыздың да нақты санын біліп, жұмыссыздықпен күресте жүйелі жұмыс жүргізуіміз керек», — дейді Нартай Аралбайұлы.

Жастардың жұмыссыз қалуының алдын алу үшін еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлау ісін жоғла қолға қажет. Өйткені еліміздегі колледждерде жыл сайын 130-140 мың студент оқу бітіргенімен олардың 77%-ы жұмыс табады да 17,6%-ы жеке кәсібін ашса, 11%-ы түрлі себепке байланысты жұмысқа орналаспай қалады.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, қазіргі кезде жастарды техникалық және кәсіптік бағытта білім алуға тарту мақсатында шоқиртақы көлемі ұлғайтылып жатыр. Жақында Оқу-ағарту министрлігі аймақтарда сұранысқа ие мамандықтар бойынша білім алатын студенттер саны 130 000-ға жеткенін хабарлады. Бұл көрсеткіш 2025 жылға қарай 150 мың адамды құрамақ.

Оған қоса, еліміздің еңбек нарығында шешілмей отырған мәселенің бірі – жұмыс берушілер еңбек құқықтарын қорғау талаптарын орындауға құлықсыз. Бұл жағдай 7 қыркүйектегі «AMANAT» партиялық бақылау комитетінің отырысында жан-жақты талқыланды. Партиялық бақылау комитетінің мүшесі, Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляеваның пікірінше, сапалы дерек пен дойек ұсыну кезінде әдетте жергілікті деңгейде жағдай бұрмаланады. «Ешкім ашықтықты қаламайтындайқтан осындай олқылыққа жол беріледі. Салалық мәселелер есептетіштерді орнатудан бастап мәліметтер базасын жүргізуге дейін тоқтат түр. Президент айтқан еңбек құқықтарын қорғау мәселесіне келсек, жұмыс берушілер көбінесе Еңбек кодексінің талаптарын орындауға құлықсыз. Сондықтан еңбек қауіпсіздігін де партиялық бақылауға алу қажет», — дейді Екатерина Смышляева.

Бек БОЛАТ



түсіну керек. Сондықтан бұл мәселе заман катан реттелуі тиіс. Біз бұл жұмысты Мәжілістің жұмыс тобымен бірлесіп жүргізіп жатырмыз. Алайда мұндай аса маңызды мәселеде сарапшылар қауымдастығының ой-пікірін, ұстанымын білу қажет. Сол үшін дөңгелек үстел ұйымдастырылып отыр», — деді ол.

Қазір Мәжіліс «Адам саудасына қарсы іс-қимыл туралы» заң жобасын қарастырып жатыр. Жұмыс тобы Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Марат Бөшімов басқарады. Ол тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес, құлдыққа, адам саудасына қарсы іс-қимыл мәселелері Президенттің ерекше бақылауында екенін атап өтті.

«Адам саудасы туралы XXI ғасырға айтуын өзі жабайлық сияқты болғанымен де, өкінішке қарай бұл – бүгінгі күннің шындығы. Жыныстық, еңбекпен қанау, адам азғаларының саудасы сияқты басқа да түрлері кең етек жайып келеді. Қазақстан бұған қатысты адам құқығын қорғайтын арнайы заң қабылдауды көп жылға «кешіктірді». Басқа постквенестік елдер оны 2005 жылдан бастап қабылдай бастаған еді. Қазір депутаттар жұмыс

тікелей байланысты 13 халықаралық Конвенция, шарттар мен келісімдер бар.

«Халықаралық конвенциялардың көптеген ережесі ұлттық заңнамаға имплементацияланған. Олар адам саудасына тиімді қарсы тұру және жәрбірленушілерге көмек көрсету үшін жеткіліксіз, яғни фрагменттелген және толық емес. Қазір осы саладағы қатынастар 10 заңмен реттеледі, бірақ олардың барлығы шашыраңқы және жауапкершілік анық емес. Бұл адам саудасының құрбандарына өз құқықтары туралы ақпаратты жан-жақты алуға, оларды толық пайдалануға, құзыретті органдарға жүгінуге, көмек пен қорғауға қол жеткізуге мүмкіндік бермейді», — деді ол.

ЕҚЫҰ-ның Астанадағы бағдарламалар кенесі Адами өлшем бөлімінің басшысы Сара Д'Амико интернет арқылы жүргізлетін адам саудасына қарсы тұрудың маңызына назар аударды.

«Өкінішке қарай, онлайн ортада балалар мен ересектерді қауіп үрдісі қарқын алып келеді. Интернетті мемлекеттік саясат арқылы реттеу керек. Веб-сайттар мен технологиялық компанияларды өзіне қаратып қалды.

қатысты: Қазақстан Республикасындағы Көші-қон жөніндегі халықаралық ұйым миссиясының ұлттық бағдарламалық офицері Әлия Белоносова, Ішкі істер министрлігі Адам саудасына қарсы күрес басқармасы бастығының орынбасары Шынар Көшербаева, Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Кәсіби оқыту институты кафедрасының орынбасары Марлис Сейтаева, Парламентаризм институтының атқарушы директоры Алмас Қанатов, «Сана Сөзім» әйелдер бастамаларының құқықтық орталығы» ҚБ директоры Шахноза Хасанова, Қырғыз Республикасы Тораға Жогорку Кенеш жанындағы Көші-қон және адам саудасына қарсы іс-қимыл жөніндегі Кенес Хатшылығының орынбасары Марлис Жұмабаев, Тәжікстан Республикасы Адвокаттар одағының мүшесі Иноят Иноят, «Таза Әлем» — әйелдерге көмек» ҰЕҰ басшысы Мехрибан Зейналова (Әзербайжан).

Дөңгелек үстел қорытындысы бойынша, адам саудасына қарсы іс-қимылды заңнамалық реттеу мәселелеріне қатысты ұсыныстар әзірленіп, олар Парламентке жіберілетін болды.

Республика күніне орай Батыс Қазақстан облысы Полиция департаментіне және Қорғаныс істері жөніндегі департаментке су жана автокөліктердің кілті табысталды. Полиция өкілдеріне барлығы 45 машина берілсе, әскерилерге 12 автокөлік табыс өтілді. Ал 99250 әскери бөліміне бір КАМАЗ автокөлігінің кілті берілді.

Жалпы, БҚО-да биыл он өзгеріс көп. Жеңіс алаңында салтанатты түрде полиция мен әскерилерге көлік кілті табыс алу да облыс үшін оңды іс.

Қорғаныс істері департаментіне берілген 12 автокөлік аудандық әскери бөлімдерге деп жоспарланған.

Полиция департаментіне берілген 45 автокөлік учаскелік полицейлерге арналып отыр. Оның ішінде 25 автокөлік қаладағы учаскелік полицейлерге берілсе, 20-сы ауылдағы учаскелік полицейлерге беріледі.

— Бұдан бөлек, алдағы уақытта екі патурлық батальонға 90 автокөлік беру жоспарланып отыр, — деді БҚО Полиция департаментінің бастығы Арман Оразалиев.

Салтанатты жиында сөз алған аймақ басшысы өңірдегі қоғамдық тәртіпті қадағалаушыларды төл мерекемен құттықтады.

— Президент өз Жолдаулары арқылы құқық қорғау жүйесін толық реформалау аса маңызды міндеттердің бірі екенін айқындап берді. Құқық қорғау және күштік құрылымдар саласы қызметкерлеріне материалдық-техникалық



БАТЫС ҚАЗАҚСТАНДА ОҢ ӨЗГЕРІС КӨП

базасын жақсарту үшін барлық жағдай жасалуда. Мәселен, былтыр Батыс Қазақстан облыстық Полиция департаментіне 30 автокөлік берілсе, енді міне, бүгіннен бастап олардың автокөліктер паркі 45 су жана автокөлікпен толығын деп тұр. Қажетті құрал-жабдықтар алу үшін облыстық Полиция департаментіне өткен жылы 8 миллиардтан астам қаражат бөлінсе, биыл бұл сома 13 миллиардтан астам теңгеге жетті. Ал аумақтық қорғанысқа бюджеттен былтыр 222 миллионнан астам қаралса, биыл ол екі есе жуық өсіп, 415 миллионнан астам қаражатты құрады. Осындай қолдаудың нәтижесінде соңғы жылдары өңіріміздегі жалпы қылмыс саны 4 713-тен 3 494-ке дейін азайды. Яғни, 26,2 пайызға төмендеді, — деді салтанатты жиында сөз алған аймақ басшысы Нариман Төреғалиев.



Жалпы, былғы жыл Батыс Қазақстан үшін жетістік жылы десе де болады. Себебі бірнеше әлеуметтік нұсқан бой көтеріп, жолдар жөнделуде. Ол туралы облыс әкімі Нариман Төреғалиев 2024 жылы 105 млрд теңгеге жалпы ұзындығы 800 шақырым жол салуды жоспарлап отырғанын айтты.

— Күні кеше Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік саясаттағы маңызды бағыттың бірі — аймақтарды жан-жақты дамыту екенін айтты. Облысымызда ауылды дамыту, экономикалық, инвестициялық, ауылшаруашылық, инфрақұрылымдық салалар бойынша көптеген жұмыстар атқарылуда. Атап айтсақ, осы жылы облыс бойынша 81,5 млрд теңгеге 617 шақырым жол жөнделуде. Қазір 500-ге жуық шақырым жол пайдалануға берілді. Соның ішінде халықты толғандырған Бөкей

Республика күні қарсаңында бұдан бөлек, Орал қаласында студенттерге арналған 500 орындық 9 қабатты жатақхана ашылып, пайдалануға берілді.

Су жана жатақхананың лентасын кию құрметі облыс әкімі Нариман Төреғалиев, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ректоры, профессор Нұрлан Серғалиев пен Қазақстан Республикасы Президентінің атаулы шәкіртақысы иегері, республикалық пәндік олимпиаданың жеңімпазы, студенттер үйінің тұрғыны, Педагогика факультетінің 4-курс студенті Гүлсезім Сегізбаева берілді. Айта кетейік, нысан заманауи инфрақұрылыммен жабдықталған. Әр секцияда ас үй, жатын бөлме, жуыну бөлмелері бар. «Қаржы орталығы» АҚ Ғылым және жоғары білім министрлігінің атынан университеттің жатақхана салу шығындарын 6 жыл ішінде өтейді.

Ал Бәйтерек ауданы, Асан ауылында ашылған амбулаториялық орталық ауыл тұрғындарын қуанышка бөледі. Бүгінде Асан ауылында 2 000-нан астам адам тұрады. Ауылда бұған дейін ескі, әбден тозған медициналық пункт болған. Ол жерде ешқандай қан анализдерін алу мүмкіндігі де болмапты. Ал осы жолы пайдалануға берілген жаңа орталық заманауи құралдармен қамтылған, енді ауыл тұрғындарына қарапайым анализдерді тапсыру үшін аудан орталығына шабуын қажеті болмайды.

Айта кетейік, жалпы БҚО-да 2025 жылға дейін дәл осындай 50 медициналық нысан салыну көзделіп отыр. Ол үшін «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту»

ұлттық жобасы шеңберінде тиісті қаражат бөлініп келеді.

Дәл осындай қуанышты жаңалық Ақжайық ауданында да болды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында айтылған «100 денешынықтыру-сауықтыру кешені» жобасын іске асыру мақсатында Ақжайық ауданы Тайпақ ауылында 160 орындық денешынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Дәл осы күні Чапай ауылында 320 орындық спорт кешені пайдалануға берілді. Бұл екі кешен де заманауи технологиямен салынған.

Кешеннің ашылу салтанатына облыс әкімі Нариман Төреғалиев, облыстық Денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Жеңіс Нығметуллин, самбодан төрт дүркін әлем чемпионы Ерболат Байбатыров, спортшылар, сала ардагерлері ауыл тұрғындары қатысты.

Жалпы, облыста 2019 жылдан бастап 9 денешынықтыру-сауықтыру кешені салыныпты. Тағы 2 ауданда денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарын 2024 жылы аяқтау жоспарда тұр.

Бұдан бөлек, облыста «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде және басқа жобаларды қоса есептегенде 26 мектептің құрылысы басталған. Оның ішінде екі мектептің құрылысы аяқталып, қазір балалар сол жаңа білім нысандарында білім алууда. Жыл соңына дейін 14 мектептің құрылысы аяқталады деп жоспарланған.

Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

КӘСІПКЕР 20 АДАМДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫДЫ



Панфилов ауданында 100 орындық балабақша іске қосылды. Жергілікті кәсіпкер аудандағы ірі елді мекендердің бірі — Көктал ауылындағы ескі ғимаратқа жөндеу жүргізіп, ауыл балаларына арналған балабақша ашып, 20 адамды жұмыспен қамтыды. Сонымен қоса, сәбилердің ата-аналарының қолын ұзартып, еңбектенуіне жағдай жасады.

Осынау игілікті іске орай Көктал ауылына арнайы барған аудан әкімі Марат Сағымбек тұрғындарды Республика күнімен және балабақшаның ашылуымен құттықтады.

«Бұл жолғы мектепке дейінгі мекеме — ауданда биыл ашылып отырған үшінші балабақша. Жакын күндері Головацкий ауылында 200 орындық тағы бір балабақша ашылады. Оның да жөндеу жұмыстары аяқталған соң балдырғандарды қабылдауға кіріседі. Жалпы, ауданымыздың кәсіпкерлері аймақтағы құрылыс және әлеуметтік салалардың дамуына жалпы, экономикалық қуатының артуына үлкен үлес қосып келеді. Біз туған жеріміз тәуеліне қол ұшын бергісі келетін жандарды, оның ішінде екіінші балабақшаны ашып отырған Көмшат Молдахметова сияқты белсенді кәсіпкерлерді әрдайым қолдаймыз», — деді аудан басшысы.

Нысаннның лентасы қиылып, көпшілік жаңа ғимараттың ішін аралап көрді, көңілі толды.

Кәсіпкер Көмшат Молдахметованың айтуынша, бұл — оның іске қосып отырған екінші балабақшасы.

— Алғашқы 100 орындық балабақшаны 2019 жылы Жаркент қаласынан аштым. Ол кезде «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқып үйренуді аяқтаған едім. Жеке қаражатымды салдым, несие алдым. Бір



жақсысы, мемлекеттен қолдау көрсетілді. Соның арқасында ол балабақша жемісті жұмыс істеп тұр. Осы жолы «Даму» қоры арқылы жалпы сомасы 65 млн теңге несиегі 8 пайыз жеңілдікпен алдым. Бұл қаржыға бұрынғы кафенің ғимаратын сатып алып, қайта жаңғырту жұмыстарын жүргіздім, жаңа құрал-жабдықтар сатып әкеліп, орнаттым. Қазір әрқайсысы 25 баладан тұратын қазақ және орыстілді 4 топ құрылды. Көкталда 240 орындық екі балабақша және мектеп жанындағы шағын орталық болғанымен, жаңа балабақшаға да сұраныс көп. Сондықтан кейін балабақшаның іргесін кеңейтіп, тағы баланы 100 қабылдауды жоспарлап отырмын. Бір қуанарлығы, балабақшаның маңында бос жер телімі бар. Болашақта оқыту орталығын асқан ба деймін, — дейді кәсіпкер әйел.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

ЗАУЫТ ТА, СТАНСА ДА САЛЫНАДЫ

Қазан айының соңғы онкүндігінде Қытай кәсіпкерлері тарапынан ұлытау жұртшылығын елең еткізіп, қуанып тастады. Өйткені бұл екі жобаның да берері мол екені байқалады. Сонымен, рет-ретімен айтар болсақ...

Облыс орталығынан небәрі 40-50 шақырым қашықтықта орналасқанына қарамастан, қазіргі өркеніет көшінен тым алыста қалғандай көрінетін Жезді деп аталатын кент бар. Заманында кенттің атағы берісі Кеңес Одағына, әрісі әлемге әйгілі болған десе, бүгінде ешкім сене қоймаса да шынайы тарих солай еді. Танк өндірісіне аса қажетті марганецтің тапшылығы сезіліп жатқанда Қаныш Сәтбаев оның мол қоры бар екенін дәлелдеп шыққан соң Жездіде бар-жоғы 38 күнде зауыт салынған болатын. Егер рас болса, сол күндері Сталиннің өзі тікелей телефонмен хабарласып, зауыт құрылысының қалай жүргізіліп жатқанын біліп отырған деседі. Сөйткен Жезді 1997 жылы аудан орталығы мәртебесінен айырылды. Көптеген үй қанырап бос қалды. Олар әлі де сол есік-терезесі үңірейген қалпында сақтаулы тұр.

Жергілікті билік тарапынан Жездіге инвестиция тарту талабы болғанымен, бәрі де сәтсіз аяқталды. Кентте тұрақтап қалған халықтың үміт оты бәрібір сөнбеді. «Күндердің күнінде Жездінің бұрынғы жайнаған қалпы қайта айналып келеді» деген сенімде болды. Сол сенім ақталуға шақ қалғандай. Өйткені Жездіде кремний зауыты салынатын болды.

Еліміздің көршілес Қытай мемлекетімен әртүрлі саладағы байланыс аясы жыл санап кеңейіп келе жатқаны белгілі. Екі елдің кәсіпкерлері өзара тығыз іскерлік байланыстар орнатып та үлгерді. Жездіде ашылатын зауыт — осындай іскерлік байланыстың жемісі. Зауыттың құрылысы қашан басталады? Қанша жұмыс орны ашылады? Жезді кентінің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы зауыттың орны қандай болмақ? Бұл туралы инвесторлар кент тұрғындарымен кездесіп, өз жобаларын жан-жақты таныстырды.

Қытайлық кәсіпкерлер Шао Ханминг пен Ми Ронгтің айтуынша, жобаның жалпы құны — 7,5 млрд теңге. Қытай жағы осы қаражаттың 20 пайызын құяды. Ал қалған бөлігін жергілікті «Ұлытау кремний» ЖШС көтергіші болады. Екі жақты тиімділік деген осы емес пе?!

Қытай жағы тұрғындармен кездесу барысында экологияға зиян тигізбеу, қоршаған ортаға шаң-тозаң, зиянды қалдықтар бөлінбеуін қамтамасыз ету мақсатында зауытта шаң-тозаңды сүзгілеу, яғни филтрлеу жүйесі орнатылатын мәлімделді. Кремний зауыты жылына 15 мың тонна өнім өндіруді көздеп отыр. Мұнда 200 жұмыс орны ашылмақ.

Қытайдан технологияны үйрету мақсатымен 40 шақты маман келеді, қалғаны жергілікті тұрғындардан алынады. Зауыттың кеңесші, жатақханасы салынады. Жұмыс жүріп кетсе, Жездіден тек кремний зауыты ғана емес, цемент, кірпіш зауыты да салынуы мүмкін.

— Біздің жобамыз Қазақстан мен Қытай арасындағы экономикалық байланыстарды дамыту, жетілдіру тұрғысындағы екі ел басшыларының уағдаластықтары шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл аймағымыздағы әлеуметтік-экономикалық дамуға соны серпін беретін болады, — дейді «Ұлытау кремний» ЖШС директоры Ғалымжан Даржанов.

Кремний зауыты сәтін салса, 2024 жылдың тамыз айында іске қосылады.

Қазақстан мен Қытай арасындағы іскерлік байланыстың келесі желісі Ұлытау облысында жасыл энергияны дамытуға бағыш-



талапты болады. Осы мақсатта жуырда ғана Ұлытау әкімдігі мен қазақстандық және қытайлық инвесторлар арасында үшжақты меморандумға қол қойылды. Қазақстандық «ТехноГруппСервис» компаниясы қытайлық Sinohydro Deputy компаниясымен бірге Ұлытау жерінде екі жобаны жүзеге асыруға бел байлап отыр. Мұның бірі — облыстың Жаңаарқа ауданының территориясында жел энергиясын өндіретін станса болса, екіншісі — Жезқазған қаласында сол жел электр стансаларына қажетті мұнараларды өндіретін зауыт болмақ. Бұл жобаларды жүзеге асыру үшін өңірге 489 млрд теңге көлемінде инвестиция тартылатын болады.

Қытайдың энергетика мен инженеринг саласында үздіктер санатынан табылатын Sinohydro Deputy компаниясының әлем бойынша да баламалы энергия өндіретін станса салудан мол тәжірибесі бар. Облыс басшысы Берік Әбдіғалиұлы облыстың табиғи ерекшелігін тиімді пайдалану тұрғысынан келгенде көзделген жобаның берері мол екеніне сенімді.

— Жаңаарқа ауданының территориясынан жел электр стансасын орнатуға арнайы жер бөлінді. Мұнда 3,4 млрд киловатт энергия шығаратын мүмкіншілік бар екені анықталды. Бұл біздің өңірдің қажеттілігін толық өтей алады. Арзан энергияға қол жеткіземіз және өз қажетімізден артығын еліміздің басқа да өңірлеріне шығаратын боламыз. Жобаны

жүзеге асыру экология мәселесінде де оң өзгерістер алып келеді. Сондықтан біз өз тарапымыздан жобаның мерзімінде іске асуы үшін барлық тиісті жағдайды жасайтын боламыз, — дейді ол.

Sinohydro Deputy компаниясының директоры Жи Жен Вей бізбен әңгімесінде жобаны қолға алу үшін өңірдің табиғи ерекшелігі жан-жақты сарапталғанына тоқталды.

— Өйткені біздің негізгі қозғаушы күшіміз — жел. Ал бұл жағынан келгенде Ұлытау аймағының желі өте күшті екен, соны білгенде қадімгідей қуанып қалдық. Сондықтан бұл өңірде жел стансасын ғана емес, сондай стансаға қажетті мұнаралар өндіретін зауыт салуды да ұйғардық. Біз Ұлытау облысының экономикасын бірлесе көтеруге әзірміз, — деген ол жасыл энергияны өндіруді өздерінің бай тәжірибесін қазақстандық әріптестерімен бөлісуге әзір екенін мәлімдеді.

Қытайлық компанияның әріптесі — «ТехноГруппСервис» компаниясы. Компания



жетекшісі Жомарт Момынбаевтың айтуынша, жел мұнараларын шығаратын зауыт үшін 20 гектар жер бөлінді, ал құрылыс келесі жылы басталады екен.

— Біз бұл жобаға зор ынтымен атсалысқалы отырмыз. Өйткені жасыл экономиканы дамытуға үлкен серпіліс беретін мұндай зауыттың өзінде еліміз бойынша ешқандай да баламасы жоқ, — дейді ол.

Жоба бойынша зауыт жылына 100 мұнара шығаратын болады.

— 100 мұнараның қуаты 500-600 мегаваттқа жетеді. Бұл — өте зор қуат. Біз көршілес Өзбек, Түрікмен елдерінің де жасыл энергияға деген құлшынысын байқап отырмыз. Сондықтан кейін сол елдерге экспортқа шығуға да ойымызда бар, — деген Ж.Момынбаев бізбен қытайлық әріптестерімен бірге қолға алып жатқан жобаның болашақты көздеген мақсатын да бөлісті.

Аталған жобалар іске асқанда 300 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Жаңа да жас облыс үшін инвестиция тарту оңайға түсіп жатпағаны да белгілі. Жоғарыда аталған жобалар облыс құрылғаннан бергі өңірге сырттан келіп жатқан ең ірі инвестиция десек, артығы жоқ. Сондықтан да халық аталмыш жобаларға зор үміт артып отыр.

Майлыбай КЕТЕ,
Ұлытау облысы

Абайдың шәкірті әрі қаракөктің тұқымы, тумысынан затты Шәкәрім – өмбөзоп тұлға. Ол – ойшыл, деректанушы, шежіретанушы, композитор, романшы, дастаншы, саф таза толғауларды туындатушы, тәржімашы, мәдениеттанушы, көсемсөзші, психолог, тәлімгер, ел басқару өнерінің білгірі, мөрген, құсбегі, қолөнерші. Яғни, Абайдың көмеңгерлік ақыл-кеңестерін бойына мықтап сіңірген, қаруланған ересен қабілетті иесі. Оған қоса, есті қауым мен өнерлі ортада өскендігі тағы бар. Ал биыл Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл толды.

Абай Шәкәрімнің тұлғалық қасиеттерінің, яғни рухани көшбасшылық, зиялылық, жауапкершілік, терең ойшылдық-ғұламалық, табандылық, жауаптылық, үйретушілік, сенімділік, бір мезетте бірнеше істі атқарушылық тәрізді ұстанымдарды қалыптастырған. Абай өнегесі мен тәлімін жан-тәнімен, сай-сүйегімен ынтығып қабылдаған Шәкәрім: «Мені Абай тәрбиеледі. «Абай болмағанда, мұндай болуым неғайбыл еді», – дегені әрі кісілік әрі кесектік.

Шәкәрімнің энциклопедиялық білімі мен шығармашылық өмірбаяны жайынан Ахат Шәкәрімұлы ақсақал (1900–1984) әкесінің ғылыми және әдеби-тарихи әлеуетінен нақтылы мәліметтерді баяндаған:

«Қазақ шежіресін жазбақ болады. Ол үшін Табаридің – «Тарих ғұмими», «Тарих ғұсмани», «Тарих Интишар ислам», Нажім Фасымбектің – «Түрік тарихы», Абылғазы баһадур хан жазған «Шежіре Түрік», Радловтың «Ойғыр туралы», Аристовтың «Түрік нәсілі туралы», дүнидегі әртүрлі жұрттың шежірелерінен: Түріктің ең ескі замандағы шежіресі – «Құтадқу білік», «Кошо-қайдам», Қытайдың – Юан-Шау-Ми-Ши деген тарихшысының жазғанын, парсы, Рим, Европа жазушыларының жазғандарын оқиды. Сөйтіп, қазақ шежіресін жазды. Қазақтың лұғатын жазбақ болады. Қазақтың бай ауыз әдебиетін, эпостық әңгімелерін, мақал-тақпақтарын, мәнілі сөздерін жинайды. Қазақтың мақал-мәтелдерін сынап, оларды құрып, «Қазақ айнасының 2-бөлімі» – деп жазады. Эпостық – «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» уақиғаларын өлеңмен жазады. Өлеңдер жинағын «Қазақ айнасы. 1-бөлімі» деп жазып бастырады. Бұлар – ерте кезде жазғандары».

Сондай-ақ, «Білімді алансыз қуына ең алдымен ағасы Абай себепші болған», – деп жазады Ахат Шәкәрімұлы және «Абай маған: «Сен ел ісіне кіріспе, тек біліммен шұғылдан» дейтін», – деген лебізін келтіреді.

Тағы да Абайдың «Әкімшілік қолында болған адам елді жемей, кіянат қылмай, партия, дау-жанжалға кіріспей отыра алмайды. Кіріскен адам ардан айырылады, білім қуудан қалады» дейтін кенесін Шәкәрім жалдына, көкейіне мықтап тоқыған.

Абайдың ғылыми ортасы мен білімпаздармен қарым-қатынасы турасында бірегей айғақтар айтылған.

«Абай менің бетімді түзеп, адам болып шығуыма өтелмес еңбек сіңірді. Бір жылы біздің Жоңды аралап шығуға орыс инженері келмек болды. Абай емлемерге мені қосты, әрі орыс тілін үйрен, әрі өнерін үйрен деп. Мен ол адаммен үш айдай бірге жүріп, жер өлшестім. Осы үш айдай күнім – жылдай болды. Землесер менің шала білетін орыс тілінде дұрыс сөйлеуге үлкен көмектесті. Және мен оның үйретуімен тік жұбырыштын есебін үйірдім, алыс екі төбенін арасын не таудың басын төмен тұрып қалай өлшеуді үйірдім. Демек, геометрия заңдарын үйірдім. Тастардан металл шығатындығын, әдістерін, белгілерін байқадым. Ол адам кетерінде маған көп өлшеу құралдар берді, дүрбінсін беріп кетті, бұ да Абайдың арқасы. Долгополов, Михаэлис сияқты Абайдың достары келгенде Абай мені шақыртып алатын. Мен олардың аса қымбат сөздерін, бағалы кеңестерін, ақылдарын зерделе алып, сан естідім. Долгополов пен Михаэлистердің социология ғылымы жайында айтқан әңгімелері, ақыл-кеңестері күні бүгін ойымынан шықпайды, маған үлкен сабақ болды. Батыс-шығыстың ескі замандағы ойшылдары, жазушы-ақындарымен танысып, оқуыма да Абай себеп болды. Ғылым іздеп, қалаларды аралауыма Абай себеп болды. «Мұсылмандық», «Түрік-қырғыз» шежіресін «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебекті» жазуыма көп көмек берді» дейтін. Есті кісіні зиялы орта асқақтатады. Естіп, көрген, зердесіне тоқыған дегеніңіз сарқылмас қазына ғой.

«Мен, – дейді Шәкәрім, – Жайлауда Абай ауылына бардым. Үйде Абай тұрғылас асқақалдар толып отыр екен. Мен сөлем беріп кіргенде Абай: «Кімді айтса, сол келеді дегендей, Шәкәрім, келгенің жақсы болды. Мен мына асқақалдарға айттып отыр едім. Мен етекбасы болып, білім қуа алмай қалдым. Сол көксеген арманымды Шәкәрім арқылы орындаймын деп, саған білім қуғызатын болдым! Адам қырық жасына дейін білім жинап, қырық жасында көміл толады, ақыл-ойы, жігер-қайраты жетіледі. Енді үш жылға дейін орыс тілін үйрене бер. Бар қаражатың менің мойнымда, сен осыған дайындал. Кәне, осыған келіссіз бе?» – деді. Мен: «Барлық қаражат сізден болса, білім алуға барайын. Бірақ қай жерге барамын?» – дедім. Абай: «Афин-Грек білімі Стамболға жиналған, содан табылады. Араб білімі: Меккеде, бірақ меніңше, Меккеден гөрі

сөйлесіп, емдеу тәсілдерінің көбін үйрендім» – дейтін». Бұндағы адамзат ғылымы, өнері, мәдениеті тарихындағы бірегей шығармаларды тауып оқығаны және ғұламалармен сұхбаттасуы (мысалы, дәрігерлермен), нота жазуды, емдеу тәсілдеріне қанығуы – Шәкәрімнің оқымыстылық келбетін танытады.

Ақын жырлары – жан, жаратылыс, замана турасындағы ой-толғаулардың, ішкі сырлары мен күйлерін, зар-мұның, өксік-өкінішін, усойқысын бүкпесіз жайып салады. Әрі ақыл-ой мәдениетін, саналылықты, тазалықты, парасаттылықты шырқау биікке көтеруді көксейді. Сондықтан оның ойлы, ұятты өлеңдері

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Мен адамның таппаймын өнерлісін» өлеңдерінде **аэроплан, телефон, граммафон, электр, радио, магнит, спирт, гипноз, телепат, папризм, лунатик** тәрізді терминдік ұғым атауларды көп қолданған. «Шын таза ақылдың таппас заты жоқ», «Не қылсаң да ғылым біл» деп қауымды ғұламалық және білімдарлыққа үндеп, мәнді ойлар мен тартымды тұжырыммен қорытады. Абай ұстазының ғылым жайындағы негізгі ой-тұжырымдарын, жасампаз жанаушы көзқарастарын байыта түседі.

Шын мәнінде, Шәкәрім Құдайбердіұлының ақындық даналығы мен даралығы, поэзиясының жаны, суреткерлік сыры – терең дүниетаным, интеллектуалдық, рухани байлық қанатты қиял, көркемдік қабылдау, Жаратушының істерін қызықтау.

Мазмұн мен түр, ой мен сезім, сөз бен бейнелілік, архитектуралық құрылым – ақын философиясына тәуелді.

Құрыштай сөздерден іріктеп, сұрыптап, сомдап өлең құйған, оған ән шығарған композиторлық өнерін қосайық. «Ойдан шығарылған бар түрлі әндерімде»:

Бісең үйрен әнің мәндерін.

Дәл толқындарын толғап,

Бұжытпай,

Келтір кемеліне сәндерін.

Ән мен күйдің тілі – үн,

Ұқпасаң оны, саған мін.

Жасыңнан талаптан білуге сырғып,

Жете ұғып алған соң,

Жарасады энге қоссаң жырғын, –

деп, өз өлеңінің алуан сарынды құрылысын, ішкі мүмкіндіктерін, эстетикалық сапасын, логикалық, психологиялық кідірістерге, ой мен тұрақты фразалық екпіндерге байлығын, қасиеттерін, жауһар сипаттарын жарқырата ашып көрсетеді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы поэзиясының әсерлілігі мен мәнерлілігі, көркемдігі мен салмақтылығы – ақылдың саулесіндегі, халықтың сан ғасырлық тәжірибелерінің қорытындысындай, көшбастар көсемнің даналық мәйегіндей мәнді, мәнерлі, өрнекті, аталы, гибрат сөздермен де тікелей байланысты.

1. Кісі бағын деме бағым,

Өз денеңді нұрлы қыл.

Ай сыңылды болма жарық,

Қарыз алып күн нұрын.

(«Сен ғылымға...»)

2. Екі жуан сыймайды жер жүзіне,

Тоғыз кедей сыяды алашаға.

(«Бір ханда екі ұл бопты...»)

3. Дос мақтайды сені жақсы

өрмек үшін,

Дұспан мақтар елірте бермек үшін.

(«Мақтау мен сөгіс»)

4. Анық байлық – денеге біткен өнер,

Білімнің бәрі де саған төнер,

Арам жиып мақтанған дәулет емес.

(«Бай мен кедей»)

Шәкәрім шеберлігі – табиғат пен адамзат дүниесіндегі құбылыстарды салыстыра, жарыстыра, ұштастыра жырлағанда айқын аңғарылады. Табиғатты сипаттағанда көңіл күйі толықпен сұңқылдап сойлетеді. Әдеттегідей жадараған, жарқыраған, жаратылысқа лайық күйлі, қуатты жағдай емес, керісінше, жүдеу өмір, сұрылтыршық, опасыз жалған. Мысалға, «Өлген көңіл, ындысыз өмір» жырлары мына шумақтарды келтіріп, ойға жүгіртелік:

Жаралы менің жүрегім

Жайнай алмас сол бірақ...

Сайып келгенде, Шәкәрім Құдайбердіұлы Шығыс мәдениетін, әсіресе адамзаттың көркемдік және интеллектуалдық дамуына қуатты, жойқын ағын қосқан **Фирдоуси, Сағди, Жәми, Руми, Рудаки, Ғафиз, Науаи** сияқты зиялылардың рухани мұраларын және орыс халқының өнер, ғылымынан нәр алып, көркектенген ерекше тұлға. Сондықтан да оның туындыларында жаһандық рухани мәдениеттің алуан түрлі қатпарлары, әдеби дәстүрлері, сөз саптау ерекшеліктері, ғұламалардың небір гибрат ой-тұжырымдары көрініс тапқан. Сондай-ақ «Авестадағы» **«асыл ой, асыл сөз, ізгі әрекет»** сияқты үш бірлік-тұтастығын Шәкәрім ұстанған.

Расында, Шәкәрімнің «жанды ой жүйесінде» – сыншылық та, сыршылық та, тарихшылық та, гуманистік пафос та, этикалық-философиялық көзқарас та, діни-мұсылмандық дүниетаным да біртұтас келісім тапқан. Шәкәрімнің поэзиясында фәлсафалық қасиеттер мол. Сөз жоқ, Шәкәрімнің фәлсафалық интуициясы – ақыл-ой қопарылысының нәтижесі. Сондықтан да әсерлі, көркем гибратнама.

Серік НЕГИМОВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, филология ғылымдарының докторы, профессор



«ЖАЗДЫМ «ҚАЗАҚ АЙНАСЫН», ЕЛ КӨРСІН ДЕП ПАЙДАСЫН»

Медианадан көбірек табылуы керек. Және Мысырдағы Александр атындағы кітапханаға барасын. Осы төрт жерге барып, тарихи орындарды аралап, керек кітаптарыңды алып, білімді толықтырып қайтасын. Сатып алатын кітаптарына, жол қаражатына жетерлік пұлды өзім берем. Осыған келіссен, қолыңды өкел – деп», қолын ұсынды». Мінеки, Абайдың дүниенің төрт бұрышын жақтар таныған, жердің түбіндегі құпия сыр-хабарларды бақылаған, зерделеген, «қараңғы перденің ар жағындағы мәліметтерді зерттеп» көрсеткен. Мұндай қасиет «Ғайып ерендердің ең жоғары дәрежелісі» Құтбақа (яғни, Пайғамбар аяндарының құпия мағынасының білгірі, оның білімі Тәңірінің өзінен, мекені Мекке бұйырған. (Бекасыл әулиенің пайымдауы). Сол себепті болжампаздықта мынжылдықтың тарихы бар. Көрегендік, көсемдік Абайға да тікелей қатысты.

Шәкәрім айтады: «Сөйтіп, 1905 жылдан 1906 жылға қарсы күзде жүріп кеттім. Абайдың ақырғы кенесі – осы сапарым менің көзім ашылып, адам қатарына қосылуыма үлкен себепті тигізді. Сол сапарда, неше ұлттың ғалымдарымен сөйлесіп, пікір алысып, керек кітаптарды алдым. Ол кітаптарды посылқа етіп, Семейдегі Әнирдың атына жіберіп отырдым. Стамболда тарих қорларын сақтайтын орындарда болып, ары бара жатқанда 13 күн тарих ақтардым. Ертедегі Шығыс ақын-жазушы, ойшылдарының шығармаларын түгелдей алдым. Гөмерден бастап Грек халқының ойшыл-философтарының шығармаларын, Батыс философтарының шығармаларын, ертедегі

“

М.Әуезов айқындаған Абай өнерпаздығына тән қасиет-сипаттар: мінез түзетіндік (ахлах), тереңнен толғайтындық (пәлсапа), сыншылық (критика), суреткерлік (художественность), жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық (лирика), ащы тілдік, ызамен күлетіндік һәм керемет аудармашылық Шәкәрімге де дарыған және әдебиетшілік ортақ белгілер еді.

Түрік ғалымдарының жазған шығармаларын, әр елдің лұғаттарын, Америка жазушыларының шығармаларын алдым. Демек, менің бұл сапарым көкірек көзімді ашып, аңсаған арманымға қолым жеткен сапарым болды! Бұ да Абайдың маған ақыл-көнесінің жемісі. Стамболдан Меккеге бардым, оның тарихи орындарында болып, көп қажеттерімді таптым. Мединаға бардым. Одан араб халқының ескі замандағы Мұхаммед пайғамбардан 200 жылдай бұрын болған Абу Суфиян сияқты ғалымдардың шығармаларымен танысып, кітаптарын алдым. Бірақ Мысырдағы (Египеттегі) Александр атындағы кітапханаға бара алмадым. Меккеде сол кітапханада көп жыл істеген ғалымға кездесіп, менде жоқ ғалымдардың шығармаларын жазып алдым. Қайта қайтқанда бізден ауру шығып, бір айдай Стамболда жатып қалдық. Мен доктырмен келісіп Стамболдың тарихи орындарын тағы ақтардым. Үнді, парсы ғалымдарымен пікір алдым. Ең аяғы Түрік музыкантынан нота жазуды үйірдім. Парсы тілін жетік білетінімнің арқасында парсы, үнді доктырларымен

Абайдың ілімін туғып ұстаған Шәкәрімнің өміріндегі, өнеріндегі қағидасы мынау: «Біздің заң – ар жолы, билікті ардан, адамшылықтан аттамай, тура айтатын», – дегендей сөздер екен.

«Абай екеуіміз әңгімелесіп отырғанда, өлеңнің қанша буында жазылатынын айттымыз. Сонда ең көбі 11 буын болады екен, 8–4 буындары да өлең жазылады екен. 10 буынға өлең жазылмайды екен. Мен үйге келіп 10 буынға өлең, өлең жаздым. Бірақ өлеңнің 1-ші жолы мен 3-ші жолы, 2-ші жолымен 4-ші жолы ұйқасатын болса да, оқығанда қара сөз болып кетті. Содан әуреленіп жүріп, әнмен айтылуға келтірдім», – деген болатын».

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» кітабында **«Ибрахим мырза... мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік һәм Алланың берген ақылы да бұл қазактан бөлек, дана кісі еді»** деп, **өте әділ бағалаған-ды. Яғни, қазақтың ақыл-ойы тарихындағы төтенше құбылыс, Жаратушының сыйы, көмеңгерліктің айнасы.**

Қазақ халқының шынайы рухани тарихында Шәкәрімнің шығармашылық өнері өзгеше құбылыс деуге лайық.

өскен ортасының, уақыттың, халық өмірінің айнасындай.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – ұлт руханияты кеңістігінде құс жолындай жарқыраған Абайдың ақындық дәстүрін әрі мағыналы, әрі толық жалғастырған, өз жолын тауып, өзіндік өрнектерімен өркендеткен өрелі тұлға. Ұлы абайтанушы М.Әуезов айқындаған Абай өнерпаздығына тән қасиет-сипаттар: *мінез түзетіндік* (ахлах), *тереңнен толғайтындық* (пәлсапа), *сыншылық* (критика), *суреткерлік* (художественность), *жүректің мұң-зарын, сырын тапқыштық* (лирика), ащы тілдік, ызамен күлетіндік һәм керемет аудармашылық Шәкәрімге де дарыған және әдебиетшілік ортақ белгілер еді.

Дархан дарын өлең құрылысының табиғатын түбірінен қозғаған ақын, оның ішкі ағыстарын, қозғалыстарын түбегейлі құбылтып, алуан сырлы сипатта толқытып түрлендірген төтенше жанаушылығымен көзге түседі.

Шәкәрім поэтикасы – мақсатты, саналы ақындық санадан, ойшылы, қуатты, мәнді толғауыстардан нәріненіп көркектеніп, сөз бейнелілігінің жасауларымен мұздай киініп туған. Бұл тұстарда Ш. Құдайбердіұлының ақындық әлемі мен шеберлік сырларын, көркемдік таным иесінің ойлау жүйесін таразылау, тереңіне үңілу оная шәрау емес.

Ақын ана тілінің бейнелілік, суретшілік қуатын сұңғылалықпен сезініп, ішкі мүмкіндіктерін, ішкі ағыс-астарларын, қыртыс-қабаттарын мейлінше мольнаша аша алған. Оның интеллектуалдық мәдениеті, өнерпаздық қабілеті, өмірлік, көркемдік тәжірибесі, ересен ғылыми ізденістері – поэзияда жанаушылық рухқа, өшпес өрнектерге, сан қилы сирек кестелерге бой ұруына әрі соншалықты құпия, күрделі тоқылуға бейімделді. Сондықтан да өлеңінде қисынды логикалық ойлы сөйлемдермен қатар, дағдыдан тыс синтаксистік құрылым мен мағыналық жағынан түсінуге күрделі сөйлемдер, жұмбақ иллюзиялар мен метафоралық-ассоциациялық мәні алабөтен сөз-образдар көп. Мұның төркініне барлау-бақылау жасауға ұмтылар болсақ, ақын онтология, жаратылыстану, этика, эстетика, философиялық пәндердің ғылыми-көркемдік танымның әдеби-шығармашылық көзқарас тұрғысынан қалыптастырған. «Тіршілік, жан туралы» деген өлеңінде:

Бұл жан басынан бар,

Ойла, төксер ақылмен,

Құр сөзге наным деп қойма!

Шын таза ақылдың таппас заты жоқ

Ол қасиетін жойма.

Оларды сөзбен қайраған,

Ақылдан алыс айдаған,

Ойменен тапқан бұлдыр деп,

Дене мен тәнге байлаған.

Я болмаса, «Тау бағындағы ой» өлеңінде:

Күн батып, ай, жұлдыздың айналуы –

Шынында, доңғеленген жер жүрісі, –

дегенінде ғылыми таным өрісін, «таза ақылмен өлшеп сынау» қабілетін және Жаратушының ұлы қызметін жүйрік танытады.



АҒЫЛШЫН ТІЛІН ТЕГІН ҮЙРЕНЕДІ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды АҚШ-тың Қазақстандағы елшісімен кездесті.

Алдағы уақытта түркістандық балалар ағылшын тілін тегін үйренеді. АҚШ Елшілігінің English Access бағдарламасы мұқтаж отбасылардан шыққан балаларды ағылшын тіліне, сондай-ақ жеке өсу, цифрлық сауаттылық, еріктілік дағдыларына үйретуге бағытталған. Бұл туралы Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалдының Қазақстан Республикасындағы АҚШ-тың Төтенше және өкілетті елшісі Даниел Натан Розенблум бастаған делегациямен кездесуі барысында белгілі болды.

Жиында тараптар экономикалық өркендеу, жасыл энергетика мүмкіндіктері, өндіріс әлеуметтік-экономикалық әлеуеті, білім беру, ауыл шаруашылығы бағытын дамыту мен қолдауға байланысты мәселелерді талқылады. Тараптар білім беру саласы бойынша ынтымақтастықты дамытудың мүмкіндіктері туралы да мәселе қозғалды.

Болашақта АҚШ-пен бірлескен кәсіпорындар құруға және шетелден инвестиция тарту үшін қолайлы жағдайлар жасауға дайын екенін жеткізген Дархан Амангелдіұлы өңірдің тыныс-тіршілігіне тоқталды.

– Түркістан өңірі – еліміздің қарқынды дамып келе жатқан өңірлердің бірі және

сын дамыту, туризм мен білім саласына қатысты жаңа жобаларды бастаймыз. Техникалық бағытта IT саласында бет бұруға күш салынған. Сондықтан жетекші шетелдік жоғары оқу орнының кампустарын ашу жоспарлануда, – деді Дархан Сатыбалды.

Көптеген жыл бұрын оңтүстік өңірде болағанын тілге тиек еткен Дэниел Розенблум ауылшаруашылық саласында жақсы жобалар бар екенін айтты.

– Дипломатиялық миссия аясында Қазақстанның барлық өңірлерін аралауға тырысамын. Өңірдегі жағдаймен танысу үшін Түркістан облысына араға 29 жыл салып, алғаш келуім екен. Әрине, орасан зор өзгерістерге куә болдым. Біздің сапарымыздың алғашқы бағыты білім саласына байланысты. English Access бағдарламасы – мұқтаж отбасылардан шыққан балалардың ағылшын тілін үйренуіне үлкен мүмкіндік. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы саласы да маңызды. Фермерлерді саланы дамытудың қыр-сырын үйретуге арналған жобалар бар. Тағы бір бағыт – адам саудасымен күрес, – деп атап өтті Дэниел Розенблум.

Басқосу қорытындысы бойынша, тараптар ынтымақтастықтың өзара тиімді барлық бағыты бойынша байланыстарды белсенді түрде жалғастыруға дайын екендерін айтты.

Айта кетейік, 2018 жылдан бастап Түркістан облысына

“

2018 жылдан бастап Түркістан облысына 5,8 млрд АҚШ доллары көлемінде өнеркәсіп, жылжымайтын мүлік, ауыл шаруашылығы, туризм, және логистика сияқты салаларға инвестиция бағытталды.



орасан зор инвестициялық және туристік әлеуетке ие. Біздің өңірде өңдеу өнеркәсібі саласын дамытуға мүмкіндік бар. Түркістан облысы – климаттық жағдайына байланысты республикадағы мақта егетін жалғыз аймақ. Бүгінде өңірде жеміс-көкөніс, бақша дақылдары мен ет-сүт өнімдерін терең өңдеу басым бағытқа ие. Ауыл шаруашылығы сала-

5,8 млрд АҚШ доллары көлемінде өнеркәсіп, жылжымайтын мүлік, ауыл шаруашылығы, туризм, және логистика сияқты салаларға инвестиция бағытталды. 2027 жылға дейін өңір экономикасына шамамен 6,7 млрд АҚШ доллары көлемінде жеке инвестициялар есебінен 200-ге жуық инвестициялық жобаларды жүзеге асыру күтіледі.

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТӨРТ ҚАҚПАЛЫ ТҮРКІСТАН

Осыдан бес жыл бұрын Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі «Түркістанды түркі әлемінің мәдени-рухани орталығы ретінде дамыту жөніндегі бас жоспардың тұжырымдамасын мақұлдау туралы» №762 Жарлығына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысы қайта құрылымдаудан өтіп, нәтижесінде Шымкент қаласы Республикалық маңызы бар қалаға айналса, өңірдегі аудан-қалалар жаңадан құрылған Түркістан облысы құрамына енді. Ал түркі жұрты қастерлеген Түркістан қаласы облыс орталығы ретінде қалыптасты. Міне, содан бері төрт қақпалы Түркістанның рухани және экономикалық даму қарқыны айтарлықтай деңгейде жүріп жатыр. Атап айтқанда, қаланы дамыту үшін ауқымды кешенді жоспарлар жүзеге асырылып келеді.

Түркістан – ұлы дала өркениетінің мызғымас темірқазығы.

Түркістанға ерекше мән беру керектігін және Түркістан – мемлекетіміздің алтын бесігі екенін айтқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

– Түркістан – бәріміздің мақтанышымыз, екі дүние есігі, ер түріктің бесігі атанған бүкіл әлемге танымал қасиетті жер. Осы киелі шаһардың төл тарихымызда айрықша орны бар. Түркістан төріндегі Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – руханиятымыздың мызғымас діңгегі. Сондықтан Түркістанға, жалпы осы облысқа ерекше мән беріміз керек, – деген еді Президентіміз.

Мемлекет басшысы айтқандай, қазақтың рухани астанасы атанған Түркістанның мән-маңызы бұдан әлдеқайда жоғары. Киелі шаһар еліміздің тарихында айрықша рөл атқарған. Көне заманнан бері Ұлы Жібек жолының бойындағы ірі қала болған. Бауырлас халықтардың бәріне білім-білім тараққан руханият ошағы саналған. Сондай-ақ қазақтың тарихында өшпес із қалдырған көптеген тұлғаларымыз осы жерден мәңгілік мекенін тапқан.

«Қазақтың бірлігі мен тұтастығының ордасы болған киелі Түркістан болашақта да осы мәртебелі миссиясын атқара береді. Сондықтан осы аймақты басқарып отырған басшыларға зор жауапкершілік жүктеледі. Қанша дәуір өтсе де, ұрпақтар сабақтастығы үзілмейді», – деп атап өткен болатын Президент.

Мемлекет басшысының пәрменімен «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» заң жобасының қабылданып жатқаны және Түркістан қаласының рухани және тарихи астана ретінде дамуына жағдай жасау үшін көптеген жобалар қолға алынғаны жұртты қуантып отыр.

Бұдан бөлек, жақында Түркістан қаласында Түркі елдерінің туризм министрлері мен өкілдерінің басқосуы өтті. Ол жерде, шаһарымыз – 2024 жылға түркі әлемінің туристік астанасы ретінде жарияланды. Міне, осылардың бәрі қасиетті шаһар тіршілігінің жандана түсуіне серпін беруде.

Осы бағытта Үкіметтен бастап жергілікті атқарушы билік тарапынан жұмыстар қызу жүріп жатыр.

Түркістан облысының әкімі Дархан Амангелдіұлы Мемлекет басшысының жүктеген тапсырмаларына сәйкес, тиісті жұмыстарды жүргізіп отыр. Қалаға бөлінген қаржының тиісінше игерілуі облыс басшылығының бақылауында.

Жақында жұртшылық алдында сөз сөйлеген өңір басшысы:

«Қаламыз соңғы 5 жылда өзінің дамуының жаңа дәуіріне қадам басты, ауқымды жұмыстар атқарылды. Әрине, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау – жергілікті биліктің басты міндеті. Облыс орталығы – Түркістан қаласын рухани астана ретінде дамыту бағытында қабылданған шаралар өңір экономикасының дамуына



тын серпін берді», – дегенді алға тартқан болатын.

Айтса айтқандай, адам танымастай өзгеріп жатқан Түркістанда көптеген маңызды нысандар бой көтерді. Түркістанның рухани және әлеуметтік-экономикалық дамуында оң өсім қалыптасты.

Түркістанның жалпы аумағы соңғы үш жылда 19,6 мың гектардан 22,4 мың гектарға ұлғайып, халық саны 165,4 мың адамнан 225 мыңға адамға жетті.

Қазір түрленген Түркістанды көру үшін шетелден және еліміздің аймақтарынан келетін туристердің саны өсуде.

Осы тұрғыда күні кеше журналистерге брифинг өткізген Түркістан қаласының әкімі Нұрбол Тұрашбековті сөзге тартып, қала бойынша бүгінгі таңда атқарылып жатқан жұмыстары жайлы айтып беруді сұрады.

Нұрбол Әбдісаттарұлының берген мәліметтерінің бірқатарына тоқталар болсақ, ашық әкімдік жобасы бойынша, қазір қала әкімдігі жанында «Халықтық кеңсе» мен «1310» Бірінғай байланыс орталығы тұрғындардың өтініштерімен жұмыс істеуде. Сонымен қатар қала аумағында 6 сектор құрылып, тұрғындармен тығыз қарым-қатынаста өзекті мәселелерді шешуге өз үлестерін қосуда.

Жалпы, өңірлік өнім көлемі 2023 жылдың қантар-қыркүйек айына 222,7 млрд теңгеге жетіп, 2022 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсім 15%-ға өсті.

Өңірдің экономикалық дамуын анықтайтын басты сала – өнеркәсіп саласында 2022 жылы 21,1 млрд теңгеге өнім өндіріліп өткен жылдың тиісті кезеңмен салыстырғанда 0,7% өсті.

Биыл қантар-қыркүйек айлары аралығында 18,8 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өсім 4,3%-ды құраса, өнеркәсіптің басымды саласы өңдеу өнеркәсібінде 12,0 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 4,5%-ға, электрмен жабдықтау, газ, бу беру көлемі 5,5 млрд теңгені құрап, өсім 25,6%-ға, сумен жабдықтау 1,2 млрд теңгені құрап, 7,6%-ға артты.

2023 жылға инвестиция көлемі 348,9 млрд теңгеге (бюджет есебінен 102,0 млрд теңге, жеке инвестиция 246,9 млрд теңге) жоспарланса, 9 айдың қорытындысымен 245,8 млрд теңгеге орындалды (бюджет есебінен 91,2 млрд теңге, жеке инвестиция 154,6 млрд теңге).

Биыл Түркістан қаласында 6 мыңға жуық пәтер берілетінін айтқан Нұрбол Тұрашбеков:

– Биыл жалпы 5 966 пәтерді пайдалануға беру жоспарланған. Ал 9 айда 294 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. 2023 жылы бюджет есебінен 66 үйдің құрылысы жүргізілуде. Жыл соңына дейін 59 үйді халық игілігіне беру жоспарланып отыр. Сондай-ақ жеке инвестициялар есебінен 46 үйдің құрылысы басталған. Одан бөлек, жанадан салынатын 800 пәтерлі 20 тұрғын үй

халық игілігіне 1 шаршы метрі 220 мың теңгеден несиеге берілетін болады. Сонымен қатар кезектегі азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 187 пәтерді саптып алуға 1,8 млрд теңге қарастырылып, қазір мемлекеттік саптып алу конкурсы жүріп, – деді Нұрбол Әбдісаттарұлы.

Бұдан бөлек, 2023 жылдың 9 айында Түркістан қаласында 3 679 азамат тұрқты бос жұмыс орындарымен қамтылған. Сондай-ақ 535 жас түлек – «Жастар практикасымен», 102 жас – алғашқы жұмыс орнымен, 175 азамат – «Күміс жас» жобасы аясында жұмыспен қамтылған. Ал 1 242 тұрғын ақылға қоғамдық жұмыс орындарына жолданды. Сонымен қатар 150 тұрғынның бастапқы бизнес жоспарларына қайтарымсыз грант қаражаты берілді.

Ал биыл 348,9 млрд теңге көлемінде инвестиция тарту жоспарланса, 9 айдың қорытындысымен 245,8 млрд теңгеге жетті.

Қала әкімінің мәліметінше, шаһарда 2023 жылдың 9 айында жалпы өңірлік өнім көлемі 222,7 млрд теңгеге жетіп, өткен жылғымен салыстырғанда 15 пайызға артып отыр. Сондай-ақ осы жылы өнеркәсіп саласында қантар-қыркүйек айында 18,8 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім 4,3 пайызды құраған. Ал өнеркәсіптің басымды саласы өңдеу өнеркәсібінде 12 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, электрмен жабдықтау, газ, бу беру көлемі 5,5 млрд теңгеге жеткен.

Бұдан бөлек, шаһар басшысы облыс орталығына келетін туристердің арқанында айтты. 2023 жылдың 9 айдың қорытындысымен Түркістан қаласына келуші зияратшылар мен туристердің саны 678,5 мың адамға жеткен. Сонымен қатар биыл қантар-қыркүйек айларында Түркістанға 6,7 мың шетелдік турист келіп, көрсеткіш 24,1%-ға өскен.

Түркістан қаласында қазір 38 032 абонент, яғни қала тұрғындарының 98%-ы табиғи газды пайдалануда.

Шаһар басшысының мәлімдеуінше, бүгінде Түркістан қаласындағы 845 шақырым жолдың 50%-ға жуығы толық асфальтталған.

– Биыл тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында әлеуметтік нысандарға баратын және соларға қосалқы жатқан жалпы 42 шақырымдық 43 көшеге аяқ-жол төселді. Қазір қала аумағында 224 аялдама қолданыста бар. Биыл қосымша 120 аялдаманы орнату қолға алынып, 50-інің жұмысы толық аяқталды. Бұдан бөлек, Түркістан қаласында 22 қоғамдық көлік бағыты бар. Оларға 2 тасымалдаушы мекеме 220 автобус, шағын автобустармен қызмет көрсетеді. Түркістан қаласы облыс орталығы статусын алғалы қалаға 119 жаңа автобус алынған. Жыл соңына дейін қосымша 28 автобус алынып, жақсы жағдайдағы автобустардың үлесі 78%-ға жеткізу көзделіп отыр. Сонымен қатар биыл 700-ге жуық көшеге жарықтандыру жүйелері орнатылатын болады, – деді қала әкімі.

Айта кетерлігі, Түркістан қаласындағы 42 240 абоненттің 98,9%-ы ауызсумен қамтамасыз етілген. Ал электр қуатымен қамту деңгейі жыл соңына дейін 84,9%-дан 98,5%-ға жеткізу жоспарланған.

Бүгінде көркіне сай келбеті қалыптасып жатқан қалада түрлі бағытта республикалық, халықаралық деңгейде іс-шаралар көптеп өтіп жүр.

Мәселен, қала аумағында 2023 жылы ауқымды 73 мәдени іс-шаралар өткізілді. Оның ішінде, «Түрленген, гүлденген Түркістан» атты ақындар айтысы, Түркістан облысының құрылғанына 5 жыл толуына байланысты салтанатты концерттік бағдарлама, қала күнінен орай, «Түркістан – бақ мекені» мерекелік концерті және тағы басқа да көптеген шаралар өтті.

Сонымен қатар қалада 2022 жылы 500 орындық мәдениет үйінің құрылысы басталған.



ХАН ОРДАСЫНДА ВИЗИТ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Батыс Қазақстан облысында Хан Ордасы музей-қорығында визит орталығы ашылды. Хан Ордасы – республика бойынша танымал туристік ауылдардың бірі. Жәңгір хан кезінен қалған жәдігерлерді көру үшін бұл мекенге туристер Қазақстанды қойып Ресей, Уфа, Татарстаннан келеді. Хан Ордасы музей-қорығындағы визит орталығының ашылу салтанатына аймақ басшысы Нариман Төреғалиев қатысты.

БКО-ның Хан Ордасы ауылы – тұңғыштар мекені. Бұл жерде алғашқы қазақ мектебі, алғашқы аурухана, қыздар училищесі, тұңғыш баспахана, тіпті алғашқы банкте осы Хан Ордасында ашылған. 1867 жылы ашылған Қазынашылық үйі дәл сол күйінде бүгінге дейін сақталып отыр. Осындай тарихи жәдігерге бай Ордаға туристердің көп келуі заңды. Енді міне, сол туристер үшін деп визит орталығы мен музей қорықтың әкімшілік ғимараты пайдалануға берілді.

Жалпы, Хан Ордасы ауылын бейнелеп ашық аспан астындағы мұражай деп те атайды. Себебі бұл жерде сонау Жәңгір хан заманынан қалған 45 ғимарат, XX ғасырдың



басындағы 80 шакты үй сақталған. Визит орталықтың мақсаты – осы тарихи мекенге келушілерге жағдай жасау. Хан Ордасы музей қорығының директоры Ғайса Махимов мекенге келуші туристер өте көп екендігін айтады.

– Ресейдің екі облысымен шектесеміз. Волгоград, Астрахань облыстарынан және Қазақстаннан туристер өте көп келеді. Енді алдағы уақытта жолдың құрылысы аяқтал-

са, туристер саны тіпті артары сөзсіз. Туристердің көбеюі елдің экономикасына, ауданда жаңа жұмыс орындарының көптеп ашылуына, бизнестің дамуына жағдай туғызады деп үміттенеміз, – дейді Ғайса Махимов.

Қарағайдан киіп салынған визит орталықтың құрылысына 432 млн теңге қаржы жұмсалған. Қажетті қаржыны «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг

Б.В» бөліпті. Нысанның ашылу салтанатына қатысқан облыс әкімі Нариман Төреғалиев Бөкей ордасы жаңғыру мен жанару кезеңінде тұрғанын атап өтті.

– Бұл – ұлттық құндылығымызға, тарихы тереңде жатқан киелі Бөкей Ордасына деген мемлекетіміздің ықыласы. Бұдан бөлек, алдағы уақытта қазақ жерінде ашылған тұңғыш аурухана ғимаратында жаңа экспозиция жасалып, 1872 жылы салынған амбулатория ғимаратына қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Хан Ордасына сән беріп, көркейткіп тұрған мұндай ғимараттар көбейері сөзсіз. Әр көшесі шежіре, әр ғимараты сырға тұнған Бөкей елінің бәсі биік! Музей-қорықтың данқы артып, келуші қонақ көбейе берсін, – деді облыс әкімі салтанатты жиында.

Хан Ордасы ауылындағы 1962 жылы 55 экспонатпен ашылған мұражай бүгінде үлкен музей-қорыққа айналып отыр.

Жаңадан салынған визит орталығы қазіргі заманға сай толық жабдықталған. Орталық кіреберісіне қойылған ақпараттық тақтадан музей кешені, Бөкей ордасы ауданы, тұңғыштар мекенінде дүниеге келген елеулі тұлғалар жайында деректермен танысуға болады. Сондай-ақ ақпарат тақтасы арқылы музей-кешеніне жасалар

экскурсияны жоспарлау мүмкіндігі бар. Бірнеше бөлмеге бөлінген визит орталығының ақпараттық бөлімі музейге келушілер мен туристерге кешенді толық таныстыра алады. Аталған бөлім кешенді жарнамалау және музейді интернет желісінде таныту ісімен де айналысады. Жаңа ғимарат балалар бөлмесімен жабдықталған. Фотолаборатория да келушілерге қызмет көрсетуге әзір. Енді бұл мекенге келген әр қонақ Хан Ордасы, алғашқы қазынашылық сияқты тарихи орындарда түскен суреттерін бірден ала алады. Сондай-ақ жергілікті колөнер шеберлері жасаған естелік сыйлықтарды да сатып алуға болады.

Дәл осы күні Қазталов ауданы Ақпәтер ауылында ауылшаруашылық техникасынан жасакталған ашық аспан астындағы мұражай ашылды. Еліміздің еш жерінде жоқ ерекше музейдің ашылуына Ақпәтер ғана емес, өңір тұрғындары арасында ерекше құрметке ие азамат Кәрім Өтеғұлов мұрындык болған. Жаңа музейде XIX, XX ғасырларда халық пайдаланған дүниелер, ауыл шаруашылығында пайдаланған техникалар қойылған. Жел диірменнің бөлшектері, ұсталар пайдаланған ауыр төс, Ақпәтер мен Алғай арасында қатынаған қайық та көпшілік назарына ұсынылыпты. Неше түрлі комбайн мен «Победа», «Волга», «УАЗ» көліктеріне де орын табылыпты.

Ж.ҚАЙЫРҒОЖИНА

«Комсомольская Правда» газетінде 2023 жылы 29 қыркүйек күні нөмірі 23 (27523) шығарылған «SAP-ты сүйемелдеу» қызметтерін «Азиялық Газқұбыры» ЖШС сатып алу бойынша ашық тендерге өзгертулер енгізу туралы хабарландыру

«SAP-ты сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің қорытындылары туралы хабарландыру күшін жойды деп есептелсін.

Нәтижелерді қайта қарастыру бойынша, «SAP-ты сүйемелдеу» қызметтерін сатып алудың тендерлік өтінімді жасаған, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Сейфуллин көшесі, 506/99 үй, 6 ғ., БСН 140740010783, IQ-SOLUTIONS ЖШС және Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алматы ауданы, Төле би көшесі, 155а, БСН 130440012291, Richfit International (Ричфит Интернешл) ЖШС Консорциумының тендерлік өтінім нөмірі 1,2 Лоттар «SAP-ты сүйемелдеу» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендердің жөнімпазы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы +7 (727) 393-04-76 телефоны арқылы алуға болады.

Ашық тендер амалымен «ГАА орамының жерүсті орындалымындағы кері клапандарын сатып алу» тауарларын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГАА орамының жерүсті орындалымындағы кері клапандарын сатып алу» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 2, жалпы сомасы 452 740 022,01 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарлар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайынан алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бұйрық пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 15 қарашада, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 15 қарашада, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-04-76.

Объявление о проведении закупки товаров «Приобретение обратных клапанов надземного исполнения обвязки ГПА» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Приобретение обратных клапанов надземного исполнения обвязки ГПА». (Количество лотов – 2, на общую сумму 452 740 022,01 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 15 ноября 2023 года. Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 15 ноября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-76.

«ГШӨТ-тегі Cummins типті ГПЭС антифриз-ААС жүйесін қайта құрылымдау» жұмыстарын сатып алу бойынша қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «ГШӨТ-тегі Cummins типті ГПЭС антифриз – ААС жүйесін қайта құрылымдау» жұмыстарын қайта сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны – 1, жалпы сомасы 26 591 732,00 тенге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын жұмыстардың тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға арналған өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі: 2023 жыл 07 қарашада, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жыл 07 қарашада, сағ. 12:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-04-76.

Объявление о проведении повторного открытого тендера закупки работ «Реконструкция системы АВО-антифриза ГПЭС типа Cummins на УЗРГ»

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке работ «Реконструкция системы АВО-антифриза ГПЭС типа Cummins на УЗРГ». (Количество лотов – 1, на общую сумму 26 591 732,00 тенге без учета НДС).

Перечень выполняемых работ и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 07 ноября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 12:00 часов 07 ноября 2023 по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-76.

О внесении изменений в ранее объявленный открытый тендер ТОО «Азиатский Газопровод» по закупке услуг «Сопровождение SAP», опубликованный в газете «Комсомольская Правда» №23 (27523) от 29 сентября 2023 года

Объявление о результатах открытого тендера по закупке услуг «Сопровождение SAP» считать недействительным.

По итогам пересмотра итогов, признать победителем по закупке услуг «Сопровождение SAP» по Лотам №1,2 тендерную заявку Консорциума в составе ТОО «IQ-SOLUTIONS» Республика Казахстан, г. Алматы, Алмалинский район, ул. Сейфуллина, дом 506/99, стр Н/П 6, БИН 140740010783 и ТОО «Richfit International» (Ричфит Интернешл), Республика Казахстан, г. Алматы, Алмалинский район, улица Толе би, 155а, БИН 130440012291.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-76.

«Тілдік аудармалар» қызметтерін сатып алу бойынша қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Тілдік аудармалар» қызметтерін сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 5, жалпы сомасы 18 305 522,20 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын қызметтерін тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 07 қарашада, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 07 қарашада, сағ. 11:30-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-01-50.

Объявление о проведении закупки услуг «Языковые переводы» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке услуг «Языковые переводы». (Количество лотов – 5, на общую сумму 18 305 522,20 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых услуг и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 07 ноября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 30 минут 07 ноября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-01-50.

«Тығыздауыш және төсем материалдары» тауарларын сатып алу бойынша қайта ашық тендерді өткізу туралы хабарландыру

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Тығыздауыш және төсем материалдары» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 14, жалпы сомасы 71 290 113,66 теңге, ҚҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарлардың тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. Мекенжайынан, 09:00-ден 13:00-ге дейін және 14:30-дан 18:30-ға дейін алуға болады.

Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізіп берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізіп берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-қаб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 07 қарашада, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 07 қарашада, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: +7 (727) 393-04-60.

Объявление о проведении закупки товаров «Уплотнительные и прокладочные материалы» способом повторного открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении повторного открытого тендера по закупке товаров «Уплотнительные и прокладочные материалы». (Количество лотов – 14, на общую сумму 71 290 113,66 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копии тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604, с 09:00 – 13.00 ч. и с 14.30 – 18.30 ч.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности и копии документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 07 ноября 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 07 ноября 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: +7 (727) 393-04-60.



Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен IV Пара Азия ойындарында Қазақстан ұлттық құрамасы 41 медальмен командалық есепте 11-орынға тұрақты. Биыл төртінші рет ұйымдастырылып, 22 қазаннан 28 қазанға дейін жалғасқан байрақты бәсекеде 43 мемлекеттен 4 000-ға жуық спортшы 22 спорт түрінен бақ сынады.

Пара пауэрлифтинге Давид Дегтярев Азия пара ойындарында алғашқы алтын медальді жеңіп алды. 54 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен ол 186 келіні бағындырып, Азия және Азия пара ойындарының рекордын жаңартты. Ал 41 келіде Тұрсынбай Кабыл мен 73 келіде Раушан Қойшыбаева күміс медаль жеңіп алды. 45 келіде Гүлім Құрманбаева мен 88 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде өнер

ОЛАР — нағыз жеңіс паз

Туризм және спорт министрлігі баспа-сөз қызметі хабарлағандай, жарысқа елімізден 131 спортшы барды. Олар дзюдо, жүзу, жеңіл атлетика, пауэрлифтинг, үстел теннисі, отырып ойнау волейболы, садақ ату, таэквондо, оқ ату, шахмат, бочча, каноэ, велоспорт және академиялық есу секілді 14 спорт түрінен бәйгеге түсті. Ел намысын қолдан бермеген спортшыларымыз 8 алтын, 12 күміс және 21 қола медаль олжалап, 3 Азия және 4 Азия пара ойындарының рекордын орнатты.

Атап айтар болсақ, Пара Азия ойындары алғаш рет 2010 жылы Қытайдың Гуанчжоу қаласында байрағын көтерді. Азия ойындарынан кейін ұйымдастырылатын параазидада Қазақстан ұлттық құрамасы сол жылдан бері тұрақты түрде қатысуға келеді. 2018 жылы Индонезияның Джакарта қаласында өткен III Пара Азия ойындарында спортшыларымыз параазидада тарихында тұңғыш рет 33 медаль, 5 алтын, 15 күміс, 13 қола медаль жеңіп алды. Осы көрсеткіштің нәтижесінде Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте 13 орынды иеленген-ді. Казірге дейін Қазақстан құрамасы 2014, 2018 жылдары тек пара жазу спортында ғана алтын алған болатын.

Туризм және спорт министрлігінің мәліметіне сәйкес, ел намысын қорғап, үмітті ақтап, жүздеген орталық спортшылар мен олардың жаттықтырушыларына ақшалай ынталандыру сыйлықақы беріледі. Параазида чемпион атаған спортшыға мемлекет тарапынан 10 мың, күміс медаль иегеріне — 5 мың, қола медаль иегеріне 3 мың доллар беріледі. Сонымен қатар алтын медаль иегерін жарысқа дайындағаны үшін оның жаттықтырушысына — 5 мың, күміс жүздегердің бап-



Николай Виталиевичтің еңбегінің арқасында өте жақсы нәтижеге жеттім деп есептеймін. Жаттықтырушымыз 30 қазан жаттықтырушылар күнімен құттықтаймын. Қазақтың Туын желбіреттім, ендігі кезекте қазақтың Туын мен Әнұранын алғашқы орында асқақтатсам деген арманым бар, — делі Сейтжан Кенжеғұл. Ал Астана қаласының құрама командасы спорттың 4 түрінен өнер көрсетті. Астана қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаевтың айтуынша, сары құрлықта өткен байрақты бәсеке еліміз үшін өте сәтті өтті. Себебі еліміз өз тарихында жүзде саны мен сапасы жағынан барлық рекордты бұзды. Екіншіден, Қазақстан алғаш рет пара дзюдо, пара жеңіл атлетика, пара пауэрлифтинг спорт түрлерінен алтын жүлдеге ие болды.

«Облыс арасында медаль саны бойынша көп басында астаналық пара спортшылар жайғасты. Астана қаласы — 2

көрсеткен Рахметжан Хамаев қола жүлдені қанжығына байлады.

Пара дзюдо күресінде жерлестеріміз Ақмарал Науатбек (45 келі/ J2), Ерғали Шамей (73 келі/ J1) және Олжас Оразалыұлы (73 келі/ J2) алтын медальді жеңіп алды. Күміс жүлдеге Асылан Нұрдаулетов (73 келі/ J1), Жанбота Аманжол (-90 келі/ J2), Зарина Раифова (70 келі/ J2) және Ертис Өтепов (+90 келі/ J2) ие болды. Ал Бауыржан Арстанбек (-90 келі/ J1), Даяна Федосова (52 келі/ J2), Динара Куджұлова (70 келі/ J1), Ғалымжан Смағұлұлы (-90 келі/ J2), Ерман Қонқиев (+90 келі/ J2), Талғат Ажғалиев (+90 келі/ J2) және Ануар Сариев (60 келі/ J2) қола жүлдені еншіледі. Ұлттық құрама дзюдо күресінен командалық есепте екінші орынға жайғасты.

Пара жеңіл атлетикада қазақстандық Дастан Мұқашбеков ядро итерумен алтын медаль иегері атанды. Ол -15,74 м нәтижесімен Азия және Азия пара ойындарының рекордын жаңартты. Сондай-ақ осы санатта қазақстандық Иван Зелезняк 12,39 метр нәтижесімен қола медаль жеңіп алды, ал екінші орын БАӘ спортшысына бұйырды.

Пара жүзуден Нұрдаулет Жұмағали екі алтын жеңіп алды (100 м брасс және 200 метр комплекстік стиль). Оған қоса, 200 м комплекстік жүзде Азия пара ойындарының рекордын жаңартты. Диас Кенжебек 100 м қашықтықты 1:05:42-де жүзіп өтіп, Азия және Азия пара ойындарының рекордын орнатты, ел қоржынына 7-ші алтын медальді қосты. Ал Нұрәлі Советканов 100 метр брасс та, Роман Потапов 100 метр шалқап жүзде және 4x50 метр аралас комплекстік эстафетада өнер көрсеткен Зульфия Габидуллина, Сиязбек Далиев, Наталья Звягинцева және Айсултан Құлжаев қола медаль жеңіп алды.

Пара таэквондода Нышан Өмірәлі (80 келі) мен Камиля Досмалова (57 келі) күміс жүздегер атанса, Мария Салимгереева (65 келі), Нұрлан Донбаев (80 келі) пен Алишер Гариполлаев (+80 келі) қола жүздегер атанды.

Шахматтан ерлер командасы қола медаль жеңіп алды. Жұптық команда санында Алимжан Аяпов пен Серік Солтанов өнер көрсетті. Пара велоспортта Сейтжан Кенжеғұл мен оның пилоты Антон Лаврентьев қола жүздегер атанды. Сондай-ақ жеке лей уақыт есебіндегі бәсекеде Сейтжан ел қоржынына тағы қола медаль салды.

Волейболды отырып ойнауда ұлттық құрама спортшылары күміс жүлдеге ие болды. Спортшыларымыз жартылай финалда алаң қожайындары Қытай елінің командасын 3:2 есебімен жеңіп, финалдық кездесуде әлемнің және Азияның бірнеше дүркін чемпионы Иран мемлекетіне 3:0 есебімен есе жіберді.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ МҮРАСЫ МӘСКЕУДЕ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Мәскеудегі Қазақстан елшілігінде Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музейі мен Естай атындағы мәдениет сарайының бірлесуімен «Ертіс-Баян өңірінің дарынды тұлғалары» атты көрменің ашылу салтанаты өтті. Аталған көрме Республика күні мерекесіне орай ұйымдастырылған.



Көрмеге Ж. Аймауытов атындағы Павлодар облыстық казак музыка-драма театры, Естай атындағы мәдениет сарайының ұжымы, Аль-Аки халықтық-фольклорлық ансамблі қатысты. Мәскеуге алғаш сапар шеккен көрмеге Ертіс-Баян өңірінен шыққан әдебиет және өнер майталмандарының, оның ішінде ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеев, жазушы, драматург Жүсіпбек Аймауытов, режиссер, актер Шәкен Айманов, режиссер Всеволод Иванов, жазушы Қалмұқан Исабеков және қоғам қайраткері Нәзір Төрөқұловтың жеке заттары қойылды. Жылған қауымға жәдігерлерді музей басшысы Ербол Қайыров таныстырды. Жәдігерлер арасында Қалмұқан Исабаевтың баспа машинасы бар. К. Исабаев 500 шақырымға тең Ертіс — Қарағанды каналы салынатын жерлермен жаю жүріп, өзімен бірге алып жүрген баспа машинасымен «Арман арнасымен» атты кітабын жазған екен. Германияда тұратын достары сый-



лаған бұл баспа машинасы осындай тарихи мәнге ие. Көрмеге белгілі режиссер Шәкен Аймановтың тоны да қойылды. 1970 жылы Мәскеу қаласында режиссердің «Атаманның ақыры» көркем фильмінің түсаукесері өткен, сол жылы режиссер қолі апағынан қайтыс болған. Көрмеге қойылған тон режиссердің өмірінің соңғы жылдарында киген киімі екен. Бұл киімні музейге Қауен Кенжегаев тапсырған.

«Көрменің мақсаты — шетелге казак халқының зиялы қауымын таныстыру, бүгінге дейін ұлттық құндылықтарымызды қалыптастыруда аянбай тер төккен, ұлтмыздың ұлт болып сакталуына үлес қосқан ұлы тұлғалардың ерен еңбектері мен шығармашылық жұмыстарын насихаттау. Осыдан 87 жыл бұрын Жұмат Шанин жетекшілігімен казак халқының өнер майталмандары Мәскеуде казак өнерінің онкүндігін өткізіп еді, уақыт өте біз сол тарихи оқиғаны қайталағандай болдық, біз осы тұлғалардың жеке заттарын Мәскеу қаласына қайта әкелдік», — дейді музей басшысы Ербол Қайыров.

Е. Қайыровтың айтуынша, музей жыл сайын жаңа жәдігерлермен толығып отырады. Соңғы екі жылдың ішінде «Алашордалықтар ізімен» атты экспедиция ұйымдастырылған. Нәтижесінде,

А. Байтұрсынұлының «Маса», «Қырық мысал» шығармаларын, Қ. Кемелгеровтің «Қазак тарихынан», Абай Құнанбайұлының Санкт-Петербургта шыққан шығармалар жинағын, Мәскеу қаласында Н. Төрөқұловтың басшылығымен шыққан «Темір казык» журналының тінтуісқалары табылды. Сонымен қатар жақында ғана Қаныш Сәтбаевтың өзі қолданған баспа машинасы табылды. Казір музейде 60 мыңға жуық жәдігер сақталған. Мұндай жәдігерлер қатарын толықтыру үрдісі әлі де жалғаса бермек.

Сондай-ақ «Ертіс-Баян өңірінің дарынды тұлғалары» атты іс-шараның аясында Ж. Аймауытов атындағы Павлодар облыстық казак музыка-драма театры Мытищи қаласында өткен Халықаралық «Подмосковные вечера» фестивалінде өнер көрсетті. Фестивальға 200-ден аса театр үміткер болып, олардың 14-і іріктеуден өткен. Биыл ақын, жазушы, композитор, тарихшы Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл тоғанына орай фестивалда ақынның «Ұждан» әнгімесінің желісі бойынша спектакль сахналанды.

«Қоғам бет-бейнесінің айнасы — ұждан. Қазір қоғам да, адам да бір калпында тұрмайды, өзгеріске ұшырап отырады. Ар-ұждан болмауының себебінен көп жағдайда ұтылып жатамыз. Қоғам мен ұждан тақырыбын байланыстыра отырып, ұждан бар қоғам мен ұждансыз қоғам қандай болады деген сұрақ пайда болды. Тақырып таңдау кезінде бізді мазалаған ой осы болғандықтан, пікіріміз бір арнада тоғысып, режиссер Азамат Нығмановпен бірге Шәкәрімнің «Ұждан» шығармасын таңдалдық», — дейді Ж. Аймауытов атындағы казак музыка-драма театрының әдеби-драма бөлімі менгерушісі Нүркен Тұрлыбек.

Естай атындағы «Аль-Аки» халық-фольклорлық ансамблінің қатысуымен Мәскеу сахнасында казактың классик күйші-композиторы Құрманғазының, аса көрнекті казак сазгері Н. Тілендиевтің күйлері шырқалды.

Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



керіне — 3 мың және қола жүздегердің жаттықтырушысына 2 мың доллар көлемінде ақшалай сыйақы тағайындалды. Еліміздің көк байрағын желбіретіп, Әнұранын әуелетіп, халқымыздың мақтанышына айналған параспортшылардың ерік-жігеріне бас иіп, құрмет көрсету — зандылық. Осы орайда пара велоспортта ел қоржынына олжа сағын Парламент Мәжілісінің депутаты Сейтжан Кенжеғұлмен хабарласып, жеңісімен құттықтаған едік.

— Рақмет! Әрине, қуаныштымын. Халықаралық деңгейдегі жарысқа бірінші рет қатысып отырмын. Бұл — менің ғана жеңісім емес, менің пилотым мен жаттықтырушымын да жеңісі. Халықаралық деңгейдегі мұндай жарысқа бірінші рет қатысып отырмын. Жаттықтырушымын Николай Виталиевич болмаса, жақсы нәтиже көрсете алмас едім, пилотым Антон Лаврентьев болмаса, бұл жарысқа мүлдем қатыса алмайтын едім. Осы кісілерге алғысым шексіз. 2022 жылдың қараша айынан бастап велокоманданың бас жаттықтырушысы Николай Зайцев мені Пара Азия ойындарына дайындады.

алтын, 1 күміс, 2 қола медальға ие болды. Пара дзюдодан өнер көрсеткен 24 жастағы Ақмарал Науатбек пен 38 жастағы Ерғали Шамей жеңіс тұғырынан көрініп, алтын медаль иегерлері атанды. Дәл осы спорт түрінен 30 жастағы Асылан Нұрдаулетов күміс жүздегер атанса, 35 жастағы Бауыржан Арыстанбеков қола жүлдеге ие болды. Бүгін, міне, өздеріңіз куә болғандай, Сиязбек Далиев аралас комплекстік эстафетада командалық сайыста қола жүлде еншіледі. Биылғы Пара Азия ойындары Астана қаласы үшін жақсы көрсеткіш деп айтуға болады», — дейді Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Жылқыбаев.

Жалпы алғанда, Қазақстан ұлттық құрамасына жүзделер келесі спорт түрлерінен бұйырды: Пара каноэде Бибарыс Спатай KL2 және VL3 санатында қос күмісті қанжығына байласа, Жалғас Тайкенов KL3 санатында күміс жүздегер атанды. Ал Жаныл Балтабаева KL3 санаты Максим Богатырев KL1 санаттары бойынша қола жүлдеге ие болды.

Бас редактор —
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —
Ақмола облысы
Алтынбай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ —
Алматы қаласы
Саятжан САТЫЛАҒАН —
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК —
Шымкент қаласы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ —
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАҚ —
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІң
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін — 35102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін — 45102
Жеке жазылушылар үшін — 25102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №34369

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Аматты-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 52,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114